

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
9-сыныбына арналған оқулық

1-бөлім

Шартты белгілер



– сабақ мақсаты



– оқылым



– жазылым



– айтылым



– жұптық жұмыс



– топтық жұмыс



– ЖИ-мен жұмыс



– үй жұмысы



– сабақтың тыңдалым және
бейне материалдары

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы! Сөз өнерінің жауһарларымен таныстыратын әдебиет әлеміне қош келдің!

Қазақ әдебиеті – ұлт руханиятының өзегі, тарих пен тағылымның алтын көмбесі. Бұл пән арқылы сен көркем шығармаларды оқып қана қоймай, ұлттық болмысымызды, ата-баба аманатын тереңірек түсінуге мүмкіндік аласың.

9-сыныпқа ұсынылған бұл әдебиет курсы – сені әдебиет әлеміне жетелейтін, ой мен сезімді қатар тәрбиелейтін, мазмұнды сапардың жалғасы. Әдеби шығармаларды оқу арқылы автор ойын сезініп, өз пікіріңді қалыптастырып, сыни көзқарасыңды дәйектеп үйренесің.

Оқулық төрт бөлімнен тұрады. Олар арқылы сен әдебиеттің тарихи, мәдени және адамгершілік тұрғыдағы маңызын кеңінен ұғынасың.

1. «Атадан қалған асыл сөз» бөлімінде Жүсіп Баласағұнның, Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің, Бұқар жырау мен Сырым Датұлының өнегелі сөздері арқылы халқымыздың даналық мұрасы мен шешендік өнерімен сусындайсың. «Біржан мен Сара» айтысы арқылы қазақтың суырыпсалма өнерінің озық үлгісімен танысасың.

2. «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» бөліміндегі шығармалар ел тарихындағы елеулі оқиғалар мен тұлғалар өмірін көркем бейнелеу арқылы оқырманды отансүйгіштікке, елдің өткені мен бүгінін бағалауға тәрбиелейді. Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбайы» мен Махамбет жырлары, Шоқан Уәлихановтың күнделігі тарихи таным көкжиегін кеңейтеді.


3. «Адам жанының құпиясы» атты үшінші бөлімде Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов сияқты сөз зергерлерінің терең психологиялық иірімдерге толы туындылары ұсынылады. Бұл шығармалар адам жанының ішкі сезімін және қоғаммен байланысын ашып, ой мен сезімге жетелейді.

4. «Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат» атты қорытынды бөлімде тәуелсіздік рухы, елдік мұрат, ұлттық сана көркем шығармалар арқылы бейнеленеді. Несіпбек Айтұлы мен Қажығали Мұханбетқалиұлының туындылары арқылы егемен елдің өткені мен келешегі жайлы ой түйесің. Осы шығармалармен таныса отырып, сен тек әдеби білім алып қана қоймай, **ұлттық рух, тарихи сана, көркемдік таным мен адамгершілік қасиеттерді** де бойға сіңіресің. Әр туындыдан ой түйіп, өз пікіріңді қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланасың.

«Қазақ әдебиеті» сабақтарында рухани әлемің байып, интеллектуалды дамуыңа жол ашылады деп сенеміз.

Авторлар ұжымы

Атадан қалған асыл сөз



Түсіну және жауап беру

- әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау;
- әдеби шығармадағы психологизмді анықтау;
- көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау;
- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.

Анализ және интерпретация

- эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;
- автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру;
- автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу.

Бағалау және салыстыру

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;
- шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;
- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу.

1 Ислам дәуірі әдебиеті



Сабақта:

- әдеби шығармадағы психологизмді анықтайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Білгейсің, бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті, ойлап көр,
Төрт аяқты ағаш ат бір күн саған жетер.


Қ.А. Ясауи

ОЙТҮРТКІ

Үзінді бойынша қойылған сұрақтарға жауап бер.

- Үзінді қай тақырыпқа арналған?
- Автордың идеясын көрсететін сөз тіркестерін анықта. Үзіндіден дәлел келтір.
- Қазақ халық ауыз әдебиетінен алынған төмендегі тұжырымдарды үзіндінің қай жолдарынан көруге болады? Ойынды дәлелдер келтіріп түсіндір.
 - Дүние – бір қисық жол бұраңдаған...
 - Өмір судай ағып өтер,
 - Жақындарың, бәрі кетер.
 - Өлімнен құтылмайсың қашсаң дағы...
 - Дүние, құдым сені аямай-ақ...

ИСЛАМ ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ




Жүсіп Баласағұн
(1020 жыл)



Қожа Ахмет Ясауи
(1103 – 1166)



Ахмет Йүгінеки
(XII ғасыр)



Махмұд Қашқари
(1029 – 1101)



Ислам дәуірі әдебиеті – түркі халықтары тарихындағы жаңа бет-бұрыс кезеңі. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі – әдеби шығармаларда ислам дінінің құндылықтары мен дүниетанымының терең көрініс табуы. Адамгершілік, имандылық, әділет, білім, сабыр, нәпсіні тежеу, рухани тазару сынды тақырыптар поэзия мен прозада кеңінен жырланды.

Ислам діні түркі әлеміне VIII ғасырдан бастап кеңінен тарай бастады. Ислам мәдениеті мен діни дүниетанымы түркі халықтарының өміріне, салт-дәстүріне және әдебиетіне зор ықпал етті. Исламды қабылдағаннан кейінгі түркі әдебиеті **ислам дәуірі әдебиеті** (X–XII ғғ.) деп аталды. Бұл кезеңде діни, адамгершілік, тәрбиелік мәні бар шығармалар, сопылық поэзия, философиялық туындылар дүниеге келді. Ислам мәдениеті мен діни таным түркі дүниетанымына еніп, көркем әдебиетке, поэзия мен прозаның мазмұнына да терең әсер етті. Бұл дәуір әдебиетінің басты кітабы ретінде Құран Кәрім, одан кейін маңыздылығы жағынан Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистері жиналған кітаптар аталады. Осы кезеңдегі шығармалар адамгершілік, имандылық, білім және тәрбие тақырыптарына арналды. Бұл әдеби кезең – бүгінгі қазақ әдебиетінің тарихи тамыры, рухани негізі.

Дәуірдің көрнекті өкілдері:

1. Жүсіп Баласағұн (XI ғ.)

– «Құтты білік» шығармасының авторы. Бұл шығарма – мемлекет басқару, әділдік, білім мен парасат туралы жазылған дидактикалық поэма. Шығармадағы басты кейіпкерлер әділет, ақыл, бақыт пен қанағатты бейнелейді.

2. Ахмет Йүгінеки (XII ғ.)

– «Ақиқат сыйы» шығармасының авторы. Мұнда адамгершілік, адалдық, ізгілік, надандықпен күрес мәселелерін көтереді. Білімсіздік пен зұлымдықты айыптап, ғылым мен тәрбиеге үндейді.

3. Қожа Ахмет Ясауи (XII ғ.)

– «Диуани хикмет» – сопылық поэзияның жауһары. Шығармада адамның рухани тазалыққа жетуі туралы уағыз-әсиеттер көрініс тапқан.

4. Махмұд Қашқари (XI ғ.)

– «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің авторы. Жинаққа түркі тілінің байлығын көрсететін фольклор үлгілері енген. Бұл еңбек түркі әдебиеті мен тілінің алғашқы ғылыми негізі саналады.

Ислам дәуірі әдебиеті шығармаларының ерекшелігі:

- діни тақырыптардың басым болуы;
- шығармалардың ғибратты өлеңдерден, уағыз-әсиеттерден тұруы;

- араб-парсы әдебиетінің әсерінің сезілуі;
- шығармалардың психологиялық тереңдігі мен моральдық-құқықтық пайымының болуы;
- этика, мораль, қоғам алдындағы жауапкершіліктің насихатталуы.

Ислам дәуірі әдебиетінің тарихи маңызы.

- Түркі халықтарының алғашқы жазба әдебиеті осы дәуірде қалыптасты.
- Қазақ әдебиетінің қалыптасуына негіз болды.
- Түркі халықтарының мәдени бірлігін нығайтты.
- Ислам өркениетімен үндескен алғашқы әдеби мұралар дүниеге келді.
- Қазақ әдебиетіндегі Төле би, Абай, Шәкәрім сияқты ойшылдар дүниетанымының іргетасын қалады.
- Араб, парсы, түркі сөз өнерін біріктіріп, жаңа әдеби формалар мен жанрлар туғызды.
- Түркі дүниесінің рухани бірлігі мен мәдени тұтастығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Ислам дәуірі әдебиеті – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының рухани дамуына, әдеби ой-санасының кемелденуіне зор үлес қосқан кезең. Бұл дәуірде дүниеге келген шығармалар – адамгершілік пен имандылықты, ғылым мен білімді, әділет пен парасатты насихаттаған құнды мұралар. Осы әдебиеттің негізінде кейінгі қазақ жазба әдебиеті өркендеді. Сол себепті бұл мұра қазіргі заманның да асыл құндылығы саналады. Ислам дәуіріндегі ойшылдар мен ақындар қалдырған еңбектер – ұлттық әдебиеттің алтын қазығы. Ислам дәуірі – түркі халықтарының мәдениет пен ой-санасының биіктеу кезеңі.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Ислам дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктеріне нелер жатады?
2. Ислам дәуірі әдебиеті қай ғасырларды қамтиды?
3. Бұл кезең шығармалары қандай тақырыптарға жазылған?
4. Ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы не білдің?
5. Осы дәуір әдебиетінің тарихи маңызы туралы 4 дерек айт.
6. Түркі халықтарының әдебиетінде ислам діні қандай рөл атқарды?

СӨЗСАНДЫҚ

Сопылық поэзия – адамның рухани тазаруы, Аллаға жақындауы, нәпсіден арылуы сияқты сопылық ілімге негізделген діни-философиялық бағыттағы поэзия

Уағыз-өсиеттер – адамды жақсылыққа, адалдыққа, имандылыққа, тәртіпке баулитын, тәрбиелік мәні бар ақыл-кеңес, насихат сөздер

Құндылықтар – адам өміріндегі, қоғамдағы ең маңызды, қадірлі, бағалы ұғымдар мен қасиеттер

Философиялық туындылар – адам өмірі, әлем, жаратылыс, ақыл, рух, әділет, өмірдің мәні сияқты терең ой мен танымға негізделген шығармалар


ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Көркем әдебиеттегі психологизм – көркем шығармада суреттелетін адамның жан дүниесі, ішкі сезімі. Терең психологизм кейіпкердің ішкі сезімінің нәзік иірімдерін, құпия сырларын әсерлі суреттеуге, адам мінезін шынайы көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы: Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» дилогиясы – көркем әдебиеттегі психологизмнің озық үлгісі.

(«Әдебиеттану терминдері сөздігінен»)



1-тапсырма. Ислам дәуірі әдебиеті туралы білгеніңді жинақтап, сызбаға жаз.





2-тапсырма. Екі топқа бірігіп, үзінділерді талда.

1-топ:

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» поэмасынан үзіндіні оқып, нұсқаулыққа сәйкес тапсырманы орында.

Нұсқаулық:

1. Үзіндідегі кейіпкер кім?
2. Бұл шығарманың ислам дәуірі әдебиеті үлгісіне жататынына 3 дәлел келтір.
3. Қандай мәселелер көтеріледі?
4. Бұл үзіндіні сопылық поэзияға, уағыз-әсиетке немесе философиялық туындыға жатқызуға бола ма? Ойыңды дәлелдер келтіріп түсіндір.

«Құтты білік» дастанынан үзінді

Жан болсаң дүние кілтін қолыңа алған,
Басқаның ізгіліктен бәрі жалған.
Жастығың ұшып өтер құс секілді,
Мысалы бұ дүнианың түс секілді.
Қайыр қыл, қылып мін де жанды пырақ,
Басымда жансын десең мәңгі шырақ.
Ізгілер не дейді екен құлағыңды ас,
Дүние қусаң мойын, сірә, бұрмас.
Пікір қыл, не бір жайсаң кетті қайда?
Бәрі де бабаң барған жетті жайға.
Бәрі өтті: бек, құл, ессіз, естілер де,
Атағы көшкен желдей өшті демде.
Солардың орынына сен де жеттің,
Ендеше ізгілік қыл, еңбек еткін.

2-топ:

Қ.А. Ясауидің өлеңінен үзіндіні оқып, кейіпкердің психологиялық портретін жаса.

Ғашық дерті

Ғашық дертке ем сұрама, әсте, тегі,
Ойран қылып кетеді, оның дауасы жоқ.
Жан қиналып, жасың ағып, ес кетеді,
Ол бір дерт қой ей, достарым, шарасы жоқ.

Ғашық оты бермес, сірә, жанға шыдам,
Жаны күйсе шығар түтін ағзасынан,
Бауырын оның шұрық тесік қып қан жосыған,
Сыртқа, бірақ көрініп тұрған жарасы жоқ.

Кім не таппақ Құдай болмай дерт-құмары?!
Көбелекті махаббаты мерт қылады.
Көре тұрып өзін-өзі өртке ұрады,
Пайда-зиян дегенмен еш шаруасы жоқ.

Бұрылмасаң шайтан салған ізден қырын,
Ей, бейхабар, із қалмайды сізден де ырым.
Сан керуен сапар шеккен бізден бұрын,
Бұл – опасыз фәни жалған, таласы жоқ.



3-тапсырма. Ж. Баласағұн мен Қ.А. Ясауидің шығармаларынан алынған үзінділердің тақырыбын, мазмұнын, көтерілген мәселені салыстыр. Тұжырым жаса.



4-тапсырма. Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жұппен талдаңдар.

1. «Ислам дәуірі әдебиеті адамның сыртқы әрекетінен гөрі ішкі жан дүниесін тәрбиелеуге бағытталған» деген пікірмен келісесіңдер ме? Ойыңды үзінділерден дәлелдер келтіріп түсіндір.
2. Ислам дәуірі әдебиетінен алынған идеялар бүгінгі адамзатқа қаншалықты қажет деп ойлайсыңдар? Неліктен?



5-тапсырма. Заманауи әдебиеттегі психологизмді анықта. Қазіргі заманғы кітаптардан мысалдар келтіріп, олардың ішкі әлем мен психологияны қалай көрсететінін түсіндір. Бұл шығармалармен Ж. Баласағұнның ойларын салыстыр.

Ж. Баласағұн шығармасындағы психологизм	Заманауи әдебиеттегі психологизм



6-тапсырма. «Ислам дәуірі әдебиетінен не үйрендім?» тақырыбында 2-3 минуттық подкаст жаз.

Мазмұны: 1. Бір шығармадан дәйексөз
2. Оның бүгінгі жастарға берер тәрбиесі
3. Өз көзқарасың

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«3, 2, 1» рефлексия әдісі арқылы сабақты қорытындыла.





Сабақта:

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырасың;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Білімдінің аты өсер,
білімсіздің аты өшер.

Ж. Баласағұн

ОЙТҮРТКІ

Ж. Баласағұнның нақыл сөзіне қатысты өз көзқарасыңды айт. Кестедегі пікірлермен келісесің бе? Неге?

№	Пікір	Иә/жоқ	Себебі
1	Білім адамды биікке жетелейді.		
2	Білімсіз де бақытты болуға болады.		
3	Білімді адам – қоғамның тірегі.		
4	Білім тек мектепте ғана беріледі.		
5	Нағыз білім өмір тәжірибесінен алынады.		

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Философ Жүсіп Баласағұн шамамен 1016–1018 жылдары Қарахан мемлекетінде, Баласағұн қаласында, қазіргі Қырғызстандағы Шу облысы, Тоқмоқ қаласында туған. Дәулетті отбасында дүниеге келген ол Фараби, Қашғар, Бұқара қалаларындағы мәдени орталықтарда білім алады. Баласағұн араб және парсы тілдерін еркін меңгерген. Жастайынан философияға, ғылыми мақалаларға қызығушылығы ерекше болып өседі. Кішкентайынан әкесі өнерге, білімге құштар етіп тәрбиелейді. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның шығармаларында отбасы тәрбиесі мен жеке адам тәрбиесі бірінші орында тұрады. Өзінің еңбектеріне әділетті қоғам, ізгі өмір, парасат,

қанағат, еңбек, білім, қайырымдылық сияқты өмірлік қағидаларды арқау етеді.

Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет тарихында «Құтты білік» дастаны арқылы қалды. Ғұлама бұл дастанын 1070 жылы жазған. Дастанды «хандардың ханы», Қарахан мемлекетінің негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» – «бас уәзір» немесе «ұлы кеңесші» деген лауазым берген.

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі – Герат қаласында 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен жазылған нұсқа. Қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы. Екіншісі – XIV ғасырдың I жартысында Мысырда араб әрпімен көшірілген нұсқа. Ол қазір Каирдың Кедивен кітапханасы қорында сақтаулы. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа XII ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының толық мәтінін жасап шықты.

Венгр ғалымы Герман Вамбери «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов жиырма жыл бойы айналысқан. Түркия ғалымдары 1942–1943 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Ыстамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған.

Жүсіп Баласағұн шамамен 1074–1075 жылдары қайтыс болған. Оның денесі Қашғар қаласында жерленген.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Жүсіп Баласағұн қандай ғылымдармен айналысқан?
2. «Құтты білік» дастаны кімге арналған және қай жылы жазылған?
3. Жүсіп Баласағұнның өмір сүрген жылдарын және туған жерін ата.
4. Жүсіп Баласағұн шығармаларында қандай негізгі тақырыптар қозғалады?

СӨЗСАНДЫҚ

1. **Хижра есебі** – мұсылманша жыл санау
2. **Лауазым** – атақ, даңқ

ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Дастан – шығыстың әдебиеті мен фольклорындағы эпикалық жанр, өлең түріндегі уақиғалы шығарма. Көбінесе бұрыннан белгілі ертегі сюжеттерінің, аңыз, хикаялардың әдеби өңделген түрі болып келеді. Дастанда кейде өлең мен қарасөз араласып келе береді.

(«Әдебиеттану терминдері сөздігінен»)

БІЛІП АЛ!

Ислам дәуірі әдебиетінің ең көрнекті туындысы – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» («Құтты білік») дастаны.

Бұл дастан – қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі жөнінде аса қызықты әрі мол дерек беретін көркем туынды. Ақын «Құтты білік» дастанын хижра есебі бойынша 1070 жылы жазып бітірген.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында кедейлер, аш-жалаңаштар, жетім-жесірлер, кемтар жандар туралы айта келіп, ел билеген әкімдерді шапағатты, мейірімді, жомарт, ынсапты болуға, мал-дүниесін мұқтаж жандарға үлестіріп беруге үндейді.

Дастанда автор ерекше мән беріп, зор шабытпен жазған аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы.

Жүсіп Баласағұн бұл өмірдегі барлық нәрседен білімді жоғары қояды, адам бойындағы жақсы қасиеттерді, жаман әдеттер мен ниетті өзара салыстырып қарайды.

(«Қазақ энциклопедиясынан»)



1-тапсырма. Кесте бойынша дастанның бізге жеткен үш нұсқасы туралы айтыңдар.

«Құтты
білік»
дастаны

1-нұсқа

...

2-нұсқа

...

3-нұсқа

...



2-тапсырма. Берілген үзінділерді оқып, төмендегі кестені толтыр.
Көркемдік құндылығын бағала.

9. Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары

230. Егер қолың ұзын болса халыққа,
Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа!
Жігітшілік өтер, өшер тірлігің,
Дүние – түс, көшерсің тез бір күні.
Ізгілік – олжа. Тірлігіңді олжа қыл.
Соңыра ол – жер, киерің, болжағын!
Тыңда, кісі ізгілері не деді?
Жүрген тынып туған ақыры өледі.
Жалғанға сан жаңылыс ер келді, көр,
Біраз жүріп, ақырында өлді, көр.
235. Бек пе, құл ма – мейлі, жақсы, жаман ба?
Өзі өлді, қалды аты – ізі ғаламда.
Саған тиді енді орынның кезегі,
Жақсы боп өт, жақсылық ет еселі.
Тірі өлер, ақыры жер жастанар,
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.
(Тірі өледі, төсеніп жер-жастығын,
Аты өлмейді, өлсе де өзі жақсының).
Екі түрлі ат тілде жүрер қалғанда,
Бірі – жақсы, бірі – жаман жалғанда.
Жаман – сөгіс, жақсы – мақтау табады,
Байқап қара: көңілің нені қалады?..

Ж. Баласағұн

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар...

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу – маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,

Біреуден біреу алып, елге тарар.
 Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
 Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
 «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
 Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

А. Құнанбайұлы

	«Құтты білік» дастаны	«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі
Тақырыбы		
Көтерілген мәселе		
Кейіпкер бейнесі		
Мақсатты аудиториясы		
Автор идеясы		
Көркемдік құндылығы		



3-тапсырма. С.С. Рақымжанның сөзіне жазылған М.Е. Жүгінісовтің «Саяхат» әнін тыңда. Ән мәтіні мен «Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары» үзіндісіндегі құндылықтарды анықта және салыстыр.

ортақ
Құндылықтар

- ...
- ...

«Құтты білік»
дастанында

- ...
- ...

«Саяхат» әні
мәтінінде

- ...
- ...



4-тапсырма. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанынан оқыған үзінді негізінде сызбадағы қадамдарды басшылыққа алып, «Жақсының аты өлмейді, жаманның хаты өлмейді» тақырыбындағы дебатқа қатыс.

Кіріспе кезеңі
(модератор
сөзі, регла-
мент, жоспар-
лау)

Бірінші
спикердің
(жақтаушы-
қарсы топтар)
тақырыпқа
қатысты
пікірі

Негізгі пікір-
талас (екінші
спикерлердің
дәлелдері)


Топтардың
бір-біріне
талқылау
сұрақтары
және
қорытынды



5-тапсырма. «Құтты білік» дастанының тарихи және көркемдік құндылығын бағалап, «4 сөйлем» әдісімен тұжырымда.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«3, 2, 1» рефлексия әдісі арқылы сабақты қорытындыла.





Сабақта:

- көркем шығарманың идеясын анықтайсың;
- шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Әзіз кітап – ұлылықтың негізі,
Біліктіге болғай білім теңізі!
...Шығыс елі, күллі түркі ішінде,
Дүниеде – кітап жоқ бұл пішінде.

Ж. Баласағұн

ОЙТҮРТКІ

Ж. Баласағұн «білім теңізі» деп нені айтқан? Қандай кітап туралы айтты деп ойлайсың? Қазіргі заманда кітаптың рөлі өзгерді ме? Неге?



«Құтты білік» дастаны – энциклопедиялық шығарма. Дастан орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069–1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. 1891–1900 жылдары В.В. Радлов поэманы неміс тіліндегі аудармасымен және түпнұсқасымен ғылым әлеміне паш етті. 1896 жылы К. Керимов өзбек тіліне аударды. 1971 жылы Н. Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген тақырыппен еркін аударма жасады. 1983 жылы С.Н. Иванов «Благодатное знание» атауымен орыс оқырмандарына ұсынды. Ал 1986 жылы бұл дастанды ақын А. Егеубаев қазақ тіліне аударды.

Қарахан әулеті билік жүргізген кезде «Құтты білік» дастаны Шығыстың әр елінде әрқалай аталып кеткен. Бір елде – «Мемлекет тәртібі», екіншісінде – «Әкімдерге насихат», үшіншісінде «Әкімдердің әдептілігі» деген атаумен мәлім болған. Бұл атаулардың бәрі – «Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма екенін растайды.

Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни, елге құт қонсын

деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі – ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Оғдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі – қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы әңгіме болады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» жалпыадамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Ғұлама әділетті адамзат қоғамын құруды армандады, сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Жүсіп Баласағұн білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады деп санайды. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жанның толысуы. Ойлау қызметі адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету.

«Құтты білік» дастаны 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Демек, дастанда 13040 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастанның кіріспесі – қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері өлең түрімен жазылған. «Құтты білік» дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттілігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғылыми мәні ерекше.

Бұл дастан – қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра. Кітапқа көшпенділер тұрмысы мен аңшылық өнерін сипаттайтын нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері енген.

«Күнтуды хан» деп бастадым сөзімді,
Соның жөнін айтайын деп, ей, ізгі!
Ол – Күнтуды әлемге аты мәлім,
Даңқы мәлім, құты мен заты мәлім.
Құлқы түзу, жаны мәрт өмірі ұдай,

Көзі қарақты, сөзі шын, көңілі бай.
Білікті бек, ойы ұшқыр, ғадал еді,
Жаманға – өрт, жауына тажал еді.
Айтолдыны жыр еттім – мархабатты,
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың.
Бұл Күнтуды – түп-түзу заңның өзі,
Ал Айтолды – бақыт һәм құттың көзі.
Айтолды атты бар еді бір ер кісі,
Даңқын естіп, келді елбасын көргісі.
Жігіт еді жаны жомарт жұғымды.
Көңілі зерек, ақылды ойлы ұғымды.
Көрікті еді, көз қарығар түрінен,
Сөзі майда, шындық тамған түрінен.
Заты – ақыл, бастайтын ұлылыққа,
Аты Өгдүлміш, сөйледім мұны жұртқа.
(Ақыл жасар ғажайып, ғаламатты,
Ақыл деген көктетер азаматты!)
Одғұрмышты сөз еттім тағы да мен,
Ақыбет ат қойдым мағынамен.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. «Құтты білік» дастанының бірнеше тілге аударылу себебін түсіндір.
2. «Құтты білік» дастаны қай тілде жазылған?
3. Дастанның кейіпкерлері кімдер? Олар туралы не білдің?
4. Дастан неше бөйіттен, неше тараудан тұрады?

СӨЗСАНДЫҚ

Хас Хажиб – араб сөзі, ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі, ұлы уәзір

Паш етті – жариялау, әйгілеу, жұртқа жаю

Еркін аударма – түпнұсқаның мазмұнын өз бетінше, оқиғадан алыстамай әңгімелеу

Қанағат-ынсап – нәпсіні тыя білу

Дәруіш – дүниедегі істер мен қызықтардан бас тартқан, жұрттан оқ-

шау жүретін, оңаша тұрмыс кешетін адам; ол көбінесе сопылық ағым өкілдерінде кездеседі

Көкейкесті мәселелері – өзекті мәселелері

Бәйіт – араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

1. **Қара қылды қақ жаратындай** – әділ
2. **Ақыл тезіне салу** – ақылмен әрекет жасау



1-тапсырма. Кестені толтыр. Дастанның негізгі идеясын, төрт принципін жаз.



2-тапсырма. Үзіндідегі әр кейіпкердің мінезін, рөлін және дастан идеясына қалай үлес қосатынын жаз, кестені толтыр.

Кейіпкерлер	Мінезі	Қоғамдағы орны	Автор идеясымен байланысы
Күнтуды			
Айтолды			
Өгдүлміш			
Одғұрмыш			
Тұжырым			



3-тапсырма. Үзінділерді оқып, тақырыбы мен негізгі идеяларын анықта.

Үзінді	Тақырыбы	Негізгі идеясы
Білік берді – адам бүгін жетілді, Ақыл берді – талай түйін шешілді. Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде, сол білікті болады.		

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.
Тіліңді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.

Жаман – сөгіс, жақсы мақтау табады,
Байқап қара, көңілің нені қалады!?
Жақсы атты ер, білсең алғыс алады,
Жаман атты өлсе, қарғыс табады.



4-тапсырма. «Құтты білік» шығармасындағы өзіңе ең жақын кейіпкерге хат жаз (10–12 сөйлем). Хатта оның бойындағы қасиеттерді сипаттап, қазіргі қоғаммен байланыстыр.



5-тапсырма. Төменде берілген сұрақтарды топта талқылаңдар.

1-топ. Егер сен мемлекет басшысы болсаң, дастандағы қай кейіпкердің қасиетін өзіңе үлгі етер едің? Неліктен?


2-топ. «Құтты білік» дастаны кейіпкерлерінің атынан қазіргі заман жастарына 4 кеңес айт.

КЕҢЕС

1.
2.
3.
4.
5.



6-тапсырма. Кейіпкерлер жүйесін дастан идеясымен байланыстырып, түсіндір.





7-тапсырма. Кестедегі ақпараттарды пайдаланып, «Құтты білік» дастанының идеясын бағала.

Қасиет	Кейіпкер	Мазмұны	Қазіргі өмірдегі маңызы
Әділет	Күнтуды Елік	Заң мен теңдік	Мемлекеттік әділдік, заң үстемдігі
Бақыт-дәулет	Айтолды	Береке мен құт	Ел бірлігі, амандық
Ақыл-парасат	Өгдүлміш	Білім, парасат	Ғылым, интеллект, инновация
Қанағат- ынсап	Одғұрмыш	Нәпсіні тежеу, сабыр	Рухани тепе-теңдік, экология

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«ҚҚҚ» рефлексия әдісі арқылы сабақты қорытындыла.

1. Қызықты ақпарат: ...
2. Құнды ақпарат: ...
3. Қиындықтар: ...



Сабақта:

- көркем туынды үзінділерін шығармашылық жұмыстарда қолданыңыз.

Құнды сөздің қоймасы

1. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
2. Шешеннің сөзі – мерген,
Шебердің көзі – мерген.
3. Жүзден біреу – шешен,
Мыңнан біреу – көсем.

Мақал

ОЙТҮРТКІ



Мақал-мәтелдерді оқы. Ортақ тақырыпты тап. Қазіргі қоғамда шешен сөйлеудің қандай пайдасы бар?

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі – шешендік өнер. Қазақтың шешендік өнері XII-XIII ғасырлардағы Майқы би мен Аяз билерден басталады. Шешендік өнер Асан қайғы мен Жиренше шешендермен жалғасып, қалыптасып, XIII ғасырда өркендей түскен.

Шешендік өнер – ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрларының бірі. Ол қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша шығып, ауызша таралған. Шешендік өнер айтыс-дауларда туып дамиды. Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан кездестіреміз.

Көшпелі елде шешендік сөздер ерекше өнер мектебі болған. Қазақтың шешендік өнерін өзге елдің атақты адамдары ерекше бағалаған. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В. Радлов зерттеп жинады. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық – бейне бір өлең екен деп таң қаласың», – деп көрсеткен. Қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Қазақ шешендік өнерінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауыз-екі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған. Сондықтан олар бастапқы қалпында емес, кейінгі ұрпаққа үзік-жұрнағы ғана жеткен. Олардың өзі де ауыздан-ауызға ауыса жүріп, өңдеу-жөндеуге ұшыраған. Әлденеше ұрпақтың сарабынан өткен, сөйтіп, қысқарып, ұстарып, жалпы халық шығармасына айналған.

Ертеден-ақ халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегі айтқан ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Қазақ шешендерінің есімі, олардан қалған асыл сөздері халық аузында сақталған.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Қазақ шешендік өнерінің қалыптасуына қандай әдеби жанрлар әсер етті?
2. Неліктен шешендік өнер «ауызша туып, ауызша таралған» деп сипатталады?
3. Шешен адамның бойынан қандай қасиеттерді байқауға болады.
4. Шешендік өнердің қандай ерекшелігі саған ұнады? Оны дамытудың қандай жолдарын ұсынар едің?

СӨЗСАНДЫҚ

Шешендік өнер – сөйлеу шеберлігі, күрделі әрі жүйелі ойлау, пікірталас жүргізудегі сөз құдіретін ұтымды қолдану мен этика, мораль құндылықтарының үйлесімінен тұратын өнер саласы.

ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шешендік сөз – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз.

Шешендік сөздерге тән белгілер – тілдің көркемдігі, ойдың қысқалығы, нақтылық, шешендік тапқырлық, дәлдік, ойдың айқындығы және халықтық сипаты

Шешендік сөз жанрлық белгілеріне қарай үшке бөлінеді:

- 1) шешендік арнау;**
- 2) шешендік толғау;**
- 3) шешендік дау.**

Шешендік арнауға шешендік бата, тілек сөз, көңіл айту сөзі, ақыл-насихат сөздер жатады.

Шешендік толғау мақал-мәтел, сұрақ-жауап, шешендік нақыл, қанатты сөз, шешендік жұмбақ, шешендік мысал түрінде келеді.

Шешендік дау мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, ар дауы болып бөлінген.

(«Әдебиеттану терминдері сөздігінен»)



1-тапсырма. Берілген үзінділерді оқып, кестені толтыр.

1-үзінді:

Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле.
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді, –
Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
Астамшылық деген бар, одан алыс жүр.
Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол!

Бөлтірік шешен

2-үзінді:

– ... Екі би, айтқан сөзің жарасады,
Еншіге әркімдер-ақ таласады.
Қасқакөл орта жүздің үлесі еді,
Дауларың қиянатқа жанасады.
Қанағатсыз билерді қабан деген,
Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.
Біреудің ақысына зорлық қылған
Қиянат қияметте жаман деген...

Орманбеттің Әйтеке мен Төле билерге айтқаны

3-үзінді:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көрер?


Аяғы жоқ, қолы жоқ
 Жылан қайтіп күн көрер?
 Жалаң аяқ балапан
 Қаздар қайтіп күн көрер?
 Шыбын шықса, жаз болып,
 Таздар қайтіп күн көрер?
 Көлде жүрген қоңыр қаз
 Қыр қадірін не білсін?
 Қырда жүрген дуадақ
 Су қадірін не білсін?
 Көшіп-қонып жүрмеген
 Жер қадірін не білсін?!

Асан қайғы

	Арнау	Толғау	Дау	Тұрақты (тура) мағына	Ауыспалы мағына
1-үзінді					
2-үзінді					
3-үзінді					



2-тапсырма. Кестені толтыр, нағыз шешен қандай болуы керек?
Өз ойыңды сипаттап жаз.





3-тапсырма. Қазақ шешендік өнері мен қазіргі сөз сөйлеу өнерінің немесе спикерлік өнердің ұқсастығы мен айырмашылығын жаз.

Критерийлер	Қазақ шешендері	Қазіргі шешен спикерлер



4-тапсырма. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегенді негізге ала отырып, әділдік пен шешеннің жауапкершілігі туралы эссе жаз.

Талаптары:

- Эссе құрылымын сақта.
- Тақырыпты қазіргі өмірмен байланыстыр.
- Өзіндік тұжырымыңды ұсын.



5-тапсырма. ЖИ көмегімен нұсқаулыққа сәйкес тапсырманы орында.
Нұсқаулық:

D-ID жасанды интеллект құралын аш.

Қазақ шешендерінің бірінің суретін таңдап ал. Платформаға жүкте. Таңдаған шешеннің атынан ХХІ ғасыр адамдарына шешендік арнау мәтінін дайында. Тұрақты сөз тіркестерін, ауыспалы мағынадағы сөздерді орынды қолдан.

- Дайындаған мәтінді ЖИ көмегімен генерация жаса.
- Жұмысыңды сыныптастарыңа жібер.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

- Шешендік өнердің қырлары:
- Қазақ шешендік өнерінің тарихи және мәдени маңызы:

5 Майқы бидің шешендігі



Сабақта:

- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырасың;
- шығарманың жаңашылдығын бағалайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Естіге айтқан сөз шыңға тіккен тумен тең,
Ессізге айтқан тура сөз құмға сіңген сумен тең.
Майқы би

ОЙТҮРТКІ

Майқы бидің қанатты сөзі бойынша сұрақтарға жауап бер.

- «Есті» мен «ессіз» деген сөздерді қалай түсінесің?
- Майқы би бұл сөздерді кімдерге не үшін айтқан деп ойлайсың?

Майқы би Төбейұлы 1105–1225 жылдар шамасында ғұмыр кешкен, қазақ халқының төбе биі. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Майқы би бабамыз – түйінді даналық сөздің де, би біткеннің де көшбасшысы. Оны түркі тұқымдас елдер, әсіресе татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек халықтары да бас биіміз деп санаған. Майқы би Шыңғыс ханның сенімді бас биі болған. Дау-дамайды да өзі шеше берген. Шыңғыстың баласы Жошы хан батысқа жорық жасағанда, Майқы биге Моңғол әскерінің оң қанатын сеніп тапсырған. Талай жеңісті бастаған батыр болған. Сол оң қанат Дешті Қыпшақ елінің ұланғайыр аймағына билік жүргізген.



Майқы би – кезінде қазақ халқының бірлігін сақтап, біртұтас ел болу жолында көп еңбек сіңірген қайраткер. Майқы – тоғыз ханның тұсында өмір сүрген бас би.

Ол Шыңғыс ханның замандасы әрі кеңесшісі. Ел Майқы биді ең беделді адам, әулие деп атаған, себебі ол ел тағдыры мен түрлі оқиғаларды болжай білген.

Халық арасында Майқының бірқатар нақыл сөздері мен ой-толғамдары қалды. «Майқы би айтыпты» дейтін нақыл сөздер мыналар:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
Ханның биі ақылды болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.
Би екеу болса, дау төртеу болады.
Дауыл болмай, жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.
Егіз ешкі сауын болмас,
Екі жалқау ауыл болмас.
Естіге айтқан тура сөз
Шыңға тіккен тумен тең.
Есерге айтқан тура сөз
Құмға сіңген сумен тең.
Ақиық қыран қартайса,
Жас жағалтайдан тепкі жейді.
Парақор биге ісің түспесін,
Сараң үйге кісің түспесін.

«Кімнен кім туады?» деген сұраққа Майқы би былай деп жауап берген екен:

«Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады.
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады.
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады».

Майқы би рулар арасында болып жататын қызу айтыс-тартыстар мен дау-дамайларға да қатысып жүрді. Ол әрқашан халықтың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдеріне сүйене сөйлеген. Ол халық бірлігін бәрінен де жоғары қойған. «Бірліксіз тірлік жоқ» деген аталы сөз де Майқы бидің аузынан шыққан. Майқы бидің пікірінше, мемлекеттік бірлестіктер халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бойынша басқарылуы тиіс.

Майқы би ұзақ өмір сүріп, 120 жасында қайтыс болған.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Майқы би қай жылдары өмір сүрген?
2. Шыңғыс хан Майқы биге қандай сенім артқан?
3. Майқы би қай халықтардың бас биі деп саналған?
4. Майқы би қандай тарихи тұлғалармен замандас болған?
5. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз нені білдіреді?

СӨЗСАНДЫҚ

Дешті Қыпшақ елі – XI–XIII ғасырларда Еуразияның ұлы кеңістігін алып жатқан қуатты түркі мемлекеті



1-тапсырма. Майқы бидің қанатты сөздерін оқып, тақырыбын, мақсатты аудиториясы мен идеясын анықта.

Тақырыбы	
Мақсатты аудиториясы	
Автор идеясы	



2-тапсырма. Майқы бидің шешендік сөздерінен алынған мысалдарды, бүгінгі қоғаммен байланыстырып түсіндір. Тарихи даналықтың қазіргі заманмен байланысын көрсет.

Мақал-мәтелдер	Бүгінгі қоғамда қолдану	Мысал
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді.		
Ханның биі ақылды болса, қара жерден кеме жүргізеді.		
Би екеу болса, дау төртеу болады.		
Естіге айтқан тура сөз – шыңға тіккен түмен тең.		
Парақор биге ісің түспесін, Сараң үйге кісің түспесін.		



3-тапсырма. Майқы бидің «Ханның биі ақылды болса, Қара жерден кеме жүргізеді» деген шешендік сөзін қазіргі көшбасшылармен салыстырып, көшбасшылардың ақыл-ойы мен шешендік өнердің қоғамға ықпалын зерттеп пікірталас жүргізіндер.

Нұсқаулық:

1. Екі топқа бірігіп, көшбасшы болудың жақсы және әлсіз жақтарын қорғандар.
2. 1-топ «Көшбасшының ақылды болуы қоғамның дамуына қалай әсер етеді» деген сұраққа жауап береді. 2-топ «Ақылсыз көшбасшы қоғамды қалай әлсіретеді?» деген сұраққа жауап береді.
3. Пікірталас барысында дәлелдер келтіріп, нақты фактілер арқылы пікірлерін қорғайды.



4-тапсырма. Хрестоматиядан Майқы би мен Алаша хан туралы аңызды оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Майқы би балаға қандай бата берді?
2. Бала бастапқыда Үйсінге неге ермеді?
3. Баланы аң аулап жүріп алғаш кім кездестірді?
4. Халық неге Ахметті хан көтерді деп ойлайсың?
5. Майқы бидің батасының мәнін қалай түсінесің?
6. Ахмет кейін ел ішінде қандай атпен белгілі болды?
7. Хан бәйбішесінің сөзін неге тыңдады деп ойлайсың?
8. Қызыл Арыстан ханның тұтқын күннен туған балаға не істеткісі келді?
9. Ахметтің елді өзіне қаратып алуына қандай қасиеттері себеп болды?
10. Бұл оқиғада әділдік пен зұлымдықтың қайшылығын қалай сипаттауға болады?

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Майқы бидің шешендік сөздерінде айтылған мәселелер бүгінгі күні өзекті ме? Ойыңды «4 сөйлем» әдісімен тұжырымда.

1-сөйлем: Меніңше,

2-сөйлем: Себебі

3-сөйлем: Мен оны мына мысалдармен дәлелдей аламын:

4-сөйлем: Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім:

6 Мөңке бидің шешендігі



Сабақта:

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырасың;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайсың.


Құнды сөздің қоймасы

Мөңке – өз заманының аса тапқыр,
ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адамы.

А. Жұбанов

ОЙТҮРТКІ

- Ахмет Жұбановтың осы сөзінен Мөңке бидің қандай қасиетін байқадың?
- «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешу» дегенді өз сөзіңмен қалай түсіндіресің?
- Қазіргі заманда «екі ауыз сөзбен» үлкен мәселені шешу мүмкін бе? Мысал келтір.



Тілеуұлы Мөңке би – белгілі би әрі батыр қолбасшы, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. Шамамен 1675 жылы қазіргі Ақтөбе облысының аумағында дүниеге келген. Мөңке би Әлімұлы тайпаларының ішіндегі ықпалды билерінің бірі болған.

Әбілқайыр хан дүние салған соң патшайым Елизавета Петровнаға Нұралыны хандыққа сайлау туралы хат жазылады. Бұл хатқа Орта жүздің беделді адамдары Жәнібек, керей Наурыз би, Кіші жүздің 30 би-батырларымен бірге Мөңке би де қол қойған. Мөңке би өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және жырау ретінде танылды.

Келешек кескін-кейпін дәл болжай білу – Мөңке би шығармашылығының басты белгісі. Оның:

«Түрлі-түрлі халық болады,
Күндіз-түні жарық болады...
Дүниенің жүзіне,

Өре мен темірден жол тартылады...
Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді», – деген толғау жолдарынан
келер күнді болжаған сәуегейлік көрінеді. Сондай-ақ:

«Құрамалы-қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады,

Еркегің қазаншы болады», – деп келетін жолдардан болашақтың беталысын, бағыт-бағдарын дөп басып танығаны аңғарылады. Мөңке бидің аты Алаш зиялылары М.Ж. Көпейұлы, А. Байтұрсынұлы және Ж. Аймауытов шығармаларында кездеседі. Оның көркем бейнесі Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен «Ел қорғаны» пьесасында, Ө. Кекілбаевтың «Үркер» романында көрініс тапты. Ол туралы аңыз-өңгімелер, өлең-толғаулар Кіші жүз ішінде ғана емес, бүкіл қазақ даласында кеңінен таралған.

Ой-тұжырымын сиқырлы сөзбен өрнектеген, шашасына шаң жұқпас шешен, қара қылды қақ жарған әділ би, айтқаны айдай келген көреген, данагөй, жырау Мөңке бидің өмірі – бүкіл қазақ халқының жас ұрпақтарына өнеге. Мөңке биден қалған даналық, шешендік сөздер халық аузында бүгінгі күнге дейін сақталған. Ел есінде ол болашақты болжағыш көріпкел, құт дарыған, Жаратқанның ықыласы ауған киелі кісі атанды. Ұлы далада ондай адамдарды әулие дейді. Зерттеушілер Мөңкені «қазақтан шыққан Нострадамус» дейді. Әулие би 81 жыл өмір сүріп, 1756 жылы дүниеден өткен.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Мөңке би қай ғасырда өмір сүрген?
2. Мөңке би қай өңірде туған?
3. Мөңке би кімдердің кеңесшісі болды?
4. Оның қандай шығармашылық мұралары сақталған?
5. Мөңке бидің толғау, болжау сөздері бүгінгі ұрпақ үшін қандай мәнге ие деп ойлайсың?

БІЛІП АЛ!

Әлімұлы тайпалары – алшын тайпасынан тарайтын рулар бірлестігі.
Елизавета Петровна – 1741 жылдың 25 қарашасынан 1761 жылғы 25 желтоқсанына дейін билік жүргізген Ресей императрицасы, Романовтар династиясының өкілі.

Жәнібек – батыр.

Керей Наурыз би – Орта жүздің биі әрі батыры.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы.

Әбіш Кекілбаев – белгілі жазушы.

Ахмет Жұбанов – композитор, дирижер, музыкатанушы, этнограф, ҚазССР-нің халық әртісі.

Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Нострадамус – француз дәрігері және астролог. XVI ғасырдан бастап адамзатты болашақта күтіп тұрған оқиғалар мен құбылыстарды болжаған.

СӨЗСАНДЫҚ

Кермиық – жас бала, жас буын

Сұңғыла би – зерек, зерделі, тез байқағыш, аңғарымпаз адам

Сәуегей – әулие, білгір

Өре – адамның ой-өрісі, парасаты, деңгейі

Шалқасқа – ерекше, айқын белгісі бар, көзге түсетін

Қарашысы – қолдаушысы, қарамағындағысы

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған – дәстүрлі тіршілік үлгісі бұзылмаған, ретті

Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен – аса әділ, шешен, тапқыр бидің қысқа да нұсқа сөзімен үлкен дауды әділдікпен аяқтауы

Шашасына шаң жұқпас – өте алғыр, озық ойлы, өзгелерден оқ бойы алда жүретін

Айтқаны айдай келген – болжап айтқаны, жорамалы дәл келді, сөзі шындыққа айналды



1-тапсырма. Хрестоматиядан Мөңке бидің болжамын оқып, тарихи және көркемдік құндылығын ажырат.

Тарихи құндылығы	Көркемдік құндылығы



2-тапсырма. Мөңке би айтқан ойлардың қазіргі өмірмен байланысын тап, мысал келтір.

№	Мөңке бидің сөзі	Қазіргі өмірден мысал
1	Әйелің базаршы болады, еркегің қазаншы болады.	
2	Алашұбар тілің болады.	
3	Дүдәмалдау дінің болады.	
4	Айнымалы, төкпелі биің болады.	
5	Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады.	
6	Өре мен темірден жол тартылады.	
7	Адам ақысыз жұмыс істемейді.	
8	Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады.	
9	Құрамалы-қорғанды үйің болады.	



3-тапсырма. Төменде берілген болжамдардың мәнін топта талқылап, түсіндіріңдер. Қазіргі қоғам өміріне дәл келе ме?

Күндіз-түні жарық болады.

Алашұбар тілің болады.

Мөңке бидің болжамы
бойынша.

Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын басқосқан жиын
болады.

Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді.



4-тапсырма. Бейнежазбаны көріп, мына сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер.

1. Мөңке би кім?
2. Диалог немен аяқталды?
3. Қазыбектің шешендігі қай жауаптан байқалады?
4. Мөңке би «үш түрлі бала» дегенде нені меңзеді?



5-тапсырма. «Мөңке би – көреген әулие» деген тұжырыммен келісесің бе? Ойыңды жүйелеп жеткіз.

1-сөйлем: Меніңше, Мөңке би... .

2-сөйлем: Мен оны былай түсіндіремін:... .

3-сөйлем: Мен оны мынадай мысалдармен дәлелдей аламын:... .

4-сөйлем. Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім:... .

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Хрестоматиядан Мөңке бидің келешек туралы толғауын оқы. Оны қазіргі қоғам өмірімен байланыстырып талда. Жұмбақтағы астарлы ойлар нені меңзейді? Қоғамның қандай мәселелері қозғалған?



Сызбаны толтырып, сабақты қорытындыла.





Сабақта:

- көркем шығармалардан алынған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданасың.

Құнды сөздің қоймасы

Әнет бабаң – Арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молда ғұламасы.
Орта жүзге үлгі айтқан ғаділ екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Ш. Құдайбердіұлы

ОЙТҮРТКІ

Төмендегі екі тұлғаның даналық ойларын салыстырып, ұқсас тұстарын табыңдар.

Шәкәрім сөзі	Әнет баба бейнесі	Ұқсастығы
Ар ілімі – адамдықтың тірегі		
Ақ жүрек адал еңбекпен нұрланады		
Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл		



Әнет баба – Әз Тәуке ханның тұсында өмір сүріп, ханның кеңесшісі болған данагөй. «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты жеті бидің бірі. Әнет Кішікұлы Орта жүз Арғынның Тобықты руынан шығады. Ұлы Абайдың алтыншы атасы саналады. Туған жері Сарыарқа аймағы болғанымен, қазақтың кең даласында даналығымен танылып, билік айтқан. Мемлекет ісіне араласып, қайраткер ретінде танылған орны – сол кездегі Қазақ елінің астанасы Түркістан шаһары.

Шыңғыстаудың баурайында 1626 жылы өмірге келген зерек бала сауатын ерте ашады. Бұхарадағы Шәріпғаділ медресесіне оқуға аттанады. Бұл жерде ол мұсылмандық шарифатты, Сократ,

Платон, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи сияқты сол дәуірдің ғұлама философтарының еңбектерімен танысады. 17 пән мазмұнын толық меңгеріп, жан-жақты білім алған үздік шәкірт атанады. Діни сауатты, философиялық ой-өресі қалыптасқан оқымысты жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ елінің болашағына алаңдап, өркендету жолында тер төгеді.

Ол жылдар бойы Жәңгір хан, Тәуке хан, Батыр хан, Болат хан ордаларында кеңесші болған. Тіпті, Әз Тәукенің тұсында бас уәзір болып, мемлекеттік іске батыр, билермен қатар, қара халықты тартушы алғашқы қайраткер. Уәзір кезінде орда қызметкерлерінің, үш жүздің сұлтандары мен билерінің біліктілігін, саяси сауаттылығын, мәдениетін дамытуға баса назар аударды. Әсіресе, ел дауы, жер дауы, ел ішінде күйіп тұрған барымта, жесір дауын шешуде әділдікті, шешендікті қажет ететін елшілер мен билерді хан маңына жинауға көңіл бөлді. Тәуке ханмен ақылдаса келе «Билер кеңесін» құрады. Ата би, төбе би, төте би, бала би, жеке би, қатар би деген атаулар бабаның кезінде пайда болады.

Ел билігіне араласа бастаған Әнет баба «Қасым ханның қасқа жолы», одан соңғы «Есім ханның ескі жолы» атты заң жинақтарындағы басқару жүйесінің заман талабына сай еместігін байқайды. Ол елді билеудің жаңа жүйелі түрін – қағидалар мен ережелер, заңдар мен баптар топтамасын жазады. Әз Тәуке, Әнет би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және Соқыр Абыз, Қожаберген жырау сынды 7 ғұламаның жазуымен «Жеті жарғы» заңдар жинағы жарық көреді.

Бірде Төле биден біраз билер: «Уа, Төле, Сіз төбе бисіз! Біз адассақ, сізден ақыл сұраймыз, ал Сіз адассаңыз, кімге жүгінесіз?» – депті. «Е-е, Әнет бабам бар емес пе?» – деген екен Төле би.

Әнет баба Төле биге: «Мынаны сындыршы», – деп бір жас шыбықты береді. Шыбық сынған соң, «енді мыналарды біріктіре сындыршы», – деп сондай алты шыбық ұсынады. Шыбықтар майысса да, сынбайды. «Міне, Алты Алаштың баласы біріксе, оларға ешкімнің шамасы келмес еді», – деген екен баба. Осындай ақыл-кеңесті, әділ билік шешімді сан рет естіген және пайдаланған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Бұқар жырау Әнет бабаны өздерінің ұстазы санапты.

Қалмақ-жоңғар шапқыншылығында жерін таптап, халқын қорлаған қас жауларына қарғыс тілегенде абыздың жасы жүзге тақаған екен. 1723 жылғы жоңғарлар шабуылы кезінде Әнет баба: «Ата-бабамның аруағы қонған, балаларымның сүйегі қалған жерімнен кетпеймін», – деп жұртта қалып қойып, иманын келтіріп көз жұмыпты. Кейін Әнет бабаның сүйегін Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мазарына апарып жерлеген.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Әнет бабаның өмір сүрген кезеңін сипаттап бер. Оның тұсында қазақ жерінде қандай тарихи оқиғалар болғанын білесің бе?
2. Әнет баба қай рудан шыққан?
3. Әнет баба қандай медреседе оқыған?
4. Әнет баба қандай қасиеттері арқылы Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты белгілі тұлғалардың құрметіне ие болды?
5. «Жеті жарғы» заңдар жинағын кімдермен бірге жазған?
6. Әнет бабаның «Жеті жарғы» жазуға қосқан үлесін қалай бағалар едің?

СӨЗСАНДЫҚ

Барымта – ұрлық емес, себебі ол белгілі бір құн төлеу, қарыз қайтару сияқты заңды себепке негізделген.




1-тапсырма. «Әнет баба кім?» деген сұраққа жауап жаз.

Әнет баба



2-тапсырма. Сызба бойынша Шыбық сындыру оқиғасын қысқаша әңгімелеп бер.



3-тапсырма. 3 топқа бірігіңдер. Әнет бабаның төмендегі тұжырымдарын топта талдап, пікірлеріңді бүгінгі заманмен байланыстырыңдар.

1. Ұйқы арсыз.
2. Күлкі арсыз.
3. Тамақ арсыз.



4-тапсырма. Әнет бабаның «Не жетім?» деген шешендік сөзін оқып, өз көзқарасыңды білдір. Әрбір тармақты (сөз жетім, бөз жетім, ел жетім және т.б.) талдап, қазіргі қоғамда қандай нәрсе жетіспейтінін сипаттап, өз шешіміңді ұсын.

Сөз жетім, ынта қойып тыңдамаса,
 Бөз жетім, киілместен тозған болса,
 Жер жетім, иесіз боп қалған болса,
 Ел жетім, әділ басшы арман болса,
 Көл жетім, қаз қонбаса, құстар ұшып,
 Ел жетім жеке қалса тізе құшып.

5-тапсырма. Әнет бабаның нақыл сөздерінен жинақталған тұжырымдардың бірін тандап, жазба жұмысын орында.

Үш арсыз – ұйқы, күлкі, тамақ.
 Бірлік бар жерде тірлік бар.
 Жеті жетім – ...

Нұсқаулық:

Р – рөліңді анықта.

А – мақсатты аудиторияңды таңда.

Ф – қай формада немесе жанрда жазатыныңды нақтыла.

Т – тақырыптан ауытқымай, шешендік сөздер қолдана отырып жаз.

Мақсат: аудиторияның назарын аудару; тақырыпты ашу; қызықтыру.




6-тапсырма. Хрестоматиядан Әнет баба мен Төле би туралы әңгімелерді оқы. Олардың арасындағы байланысты сипаттап, төмендегі сұрақтарға жауап бер. Қазіргі замандағы ұстаз-шәкірт қарым-қатынасымен салыстыр.

Әнет баба шәкірттеріне қалай үлгі болды?

Қазіргі қоғамда осындай тұлғалық сабақтастық бар ма?

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«3, 2, 1» рефлексия әдісі арқылы сабақты қорытындыла.



**Сабақта:**

- әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайсың.

Шебер шешім, көркем сөздерімен халық арасында шешен атанған Қазыбек би жыл сайын қасына жолдас-жораларын ертіп, өзінің даналық, тапқырлық сөзімен мәлім Әнет бабаға сәлем беріп, көрі құлақты қариядан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, тағлым алады екен.



Бірде сол әдетімен Әнет бабаның үйіне келіп түседі. Қарт бұрынғыдан әжептәуір қартайып қалса да, сыр білдірмейді. Қазыбектің жора-жолдастарын, өзін жақсы қарсы алып, мал сойғызып, қазан көтертеді. Сол ауыл маңындағы қариялар, жайсаңдар жиналып, әңгіме-дүкен құрады.

Ертеңіне Қазыбек жол жүруге қам жасап, сапар алдында Әнет бабаға бір ауыз өсиет айтып беруін өтініпті. Бірақ Әнет баба:

– Қазыбекжан-ай, жасы келіп, қартайған, қасынан жар тайған, басынан мал тайған адамнан не кеңес, не өсиет сұрайсың? – деп ештеңе айтқысы келмейді. Бірақ бірбеткей Қазыбек шешен Әнет бабаның бір ауыз ақылын тыңдамай еш жаққа кетпейтінін айтып, отырып алады. Сонда Әнет баба Қазыбек шешеннің бұл қылығына күле қарап:

– Болмадың ғой, айтайын. «Әкім» деген сөзді жадында сақта, – депті.

Қазыбек Әнет бабаға ризашылығын білдіріп, жора-жолдасын қасына ертіп, еліне қайтады. Ол жол-жөнекей өзімен еріп келе жатқан нөкерлерінен:

– Әнет бабаның қандай өсиет айтқанын ұқтыңдар ма? – дейді. Бірақ бұл сұрағына ешкім жауап бере алмайды. Сонда Қаз дауысты Қазыбек Әнет бабаның айтқан өсиетін

былай деп шешіпті:

– «Ә» дегені – әділ бол,

- «К» дегені – күншіл болма, көпшіл бол.
- «І» дегені – ілтипатты бол,
- «М» дегені – менмен болма, мейірман бол, – дегені.

Әнет бабаның осы өсиеті ел арасына Қазыбек би арқылы кең тарап, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалыпты.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Қазыбек би Әнет бабаға қандай мақсаттармен барды?
2. Мәтінде қазақ халқының қонақжайлылығына қатысты неше факті айтылған?
3. Әнет қарт пен Қазыбектің арасындағы жылы қарым-қатынасты қай деректерден байқауға болады?
4. Қазыбек би Әнет баба өсиетін қалай түсіндірді?
5. Сен Қазыбек бидің орнында болсаң, Әнет бабаның «әкім» дегенін қалай түсінер едің?

СӨЗСАНДЫҚ

Ғайып – жоқ, көрінбейтін, құпия, көзге ілікпейтін нәрсе

Даусыз – ешкім таласпайтын, қарсы шықпайтын, айғай-шусыз, тыныш


Бейпілауыз – анайы сөйлейтін, әдепсіз сөз айтатын, дөрекі, тілін тыймайтын адам.



1-тапсырма. Қазыбек би Әнет бабаның өсиетін елге таратты. Әнет бабаның орнында болсаң, қандай өсиет айтар едің? Неге? Ойыңды өмірден алынған фактілер арқылы дәлелде.



2-тапсырма. Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын анықта.



3-тапсырма. Әнет бабаның Қазыбекке айтқан өсиетін бағалап, «Өшпес өсиет» тақырыбына бейнебаян дайындаңдар.

- Бейнежазбаның мазмұнын жоспарла.
- Бейнежазбаның ұзақтығы 3-4 минут болсын.

- ЖИ арқылы бейнебаянның кадрларын, дыбыстық өңдеуін, монтажын жаса.
- Шынайы өмірмен байланыстыр.
- Өз тұжырымыңды енгіз.



4-тапсырма. Өнет бабаның даналық сөздерін бүгінгі оқушы неге үйренуі керек деп ойлайсың? «Өнет баба айтқан ақиқат бүгінгі ұрпаққа не үйретеді?» тақырыбында эссе жаз. Мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, даналықтың мәнін өз көзқарасыңмен түсіндір.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Кестедегі нұсқалардың сәйкесін белгілеп, сабақты қорытындыла.

Сабақта ... жұмыс жасадым.	• белсенді	• белсенді емес
Сабақта жасаған жұмысыма ...	• ризамын	• риза емеспін
Сабақ ... өтті.	• тез	• баяу
Сабақ барысында ...	• шаршадым	• шаршамадым
Көңіл күйім	• көтеріңкі	• төмен
Сабақ материалдары мен үшін ...	• пайдалы	• пайдасыз

**Сабақта:**

- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырасың;
- шығарманың жаңашылдығын бағалайсың.


Құнды сөздің қоймасы

Бірлік бар жерде тірлік бар.


Төле би

ОЙТҮРТКІ

«Бірлік» «тірлік» ұғымдарын ашып айт.



Төле Әлібекұлы – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі. Қазыбек, Әйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған тұлға. «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен қайраткер.



(1663–1756)

Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде туған. Ұлы жүздегі Дулат тайпасының жаныс руынан. Әкесі Әлібек ортасына сыйлы, шешен би болған. Бала күнінен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды. Қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Әкесінің қалауы бойынша бала Төле бес жасынан бастап білім үйрене бастайды. Оны Бұхарадан арнайы шақыртылған Әбушәкір молда оқытады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасатымен, әділ шешімімен, шешендік дарынымен көзге түседі. 15–20 жасынан билер бас қосқан жиналыстарға қатысып, әділдігі мен шешендік өнері арқасында таныла бастайды. Бала Төле он беске толғанда анасы дүниеден озады. Ол балалық шағынан

көшпелілердің шешендік өнері мен дәстүрлерін бойына сіңіріп өсті. Оның әкесі Әлібектің ділмарлығы, ескіше хат танып, халық аңыздарын жатқа білуі баланың ерте жетіліп, оның алғыр болуына, руластары арасындағы кез келген даулы мәселелерді әділетті шешуіне ықпал етті.

Төле би, Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп көтеруге, үш жүздің ұлысын бір орталыққа бағындыруға үлес қосты. Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға қатысты. Тәуке хан Төле биді Ұлы жүздің бас биі етіп сайлады. Төле би Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы саналатын «Жеті жарғының» қабылдануына атсалысты. Ордабасы жиыны кезінде Төле би басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле бидің қызметі орасан.

1742 жылы Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда, оны тұтқыннан босатуда Төле би белсенділік танытты. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші болып барып, келіссөз жүргізеді. 1743 жылы 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алды.

Төле бидің ұлт бірлігін нығайтуды барынша жақтағаны туралы аңыз-әңгімелер көп. Сондай аңыз-әңгімелердің бірінде Төле би көңілін сұрай келген Қазыбек, Көкі, Мәлік, Ержан билердің «Еліңізге қандай өсиет қалдырасыз?» деген сұрағына былай деп жауап берген екен:

«Жүзге бөлінгеннің жүзі қара.
Руға бөлінгеннің құруға асыққаны.
Атаға бөлінген адыра қалады.
Көпті қорлаған көмусіз қалады.
Хан азса, халқын сатады.
Халық азса, хандыққа таласады».

Төле бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көп өсиет сөздері қалған. Оның шешендік

сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындығымен ерекшеленеді.

Халық арасында: «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады», – деген қанатты сөздер сақталған.

Жоңғар хандығы, Ресей және Цин империялары, сондай-ақ ортаазиялық хандықтар төндірген қауіп салдарынан қазақ халқы қасіретті «Ақтабан шұбырынды» зұлматын бастан кешірді. Бұл кездері Төле қазақтарды, Ұлы жүзді басқарды және ондағы халықты аман сақтап қалу үшін барлық амалды жасады. Төле би жетекшілігіндегі Ұлы жүз Қазақстанның оңтүстік аймағы мен қазіргі Өзбекстан аумағының үлкен бөлігін иеленді. Олар сырттан төнген басқыншылық жағдайында ішінара тәуелсіздікке және өзіндік бірегейлігін сақтап қалуға қол жеткізді. Төле би 1743–1749 жылдары Ұлы жүз ханы Жолбарыс қайтыс болған соң, Ташкентті алты жыл бойы басқарды. Төле биді халық арасында «Қарлығаш әулие» деп атап кеткен.

Төле би 1756 жылы Қазақстанның қазіргі Түркістан облысы Леңгір ауданы Ақбұрхан ордасында қайтыс болған.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Төле биді кім оқытты?
2. Төле би кімдерден тәлім алды?
3. Төле биді халық арасында қалай атаған?
4. Ол кейінгі ұрпаққа қандай мұра қалдырды?
5. Төле би қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
6. Әкесінің аты кім және ол қандай адам болған?
7. Төле би қандай заңдар жинағын жасауға қатысты?
8. Ол қандай ірі тұлғалармен бірге «Жеті жарғыны» жасады?
9. Қандай тарихи оқиға кезінде Төле би елге басшылық жасады?
10. Төле би қазақ хандығының бірлігін нығайту үшін қандай істер атқарды?
11. Төле бидің «Жүзге бөлінгеннің жүзі қара» деген өсиет сөзі нені білдіреді?
12. Төле бидің «Жеті жарғы» жасауға қосқан үлесі әділдік тұрғысынан қаншалықты маңызды болды?

СӨЗСАНДЫҚ

Ділмарлық – шешендік, тапқырлық, сөзге ұста болу, орынды да әсерлі сөйлеу өнері

Сара бағыт – айқын жол, дұрыс бағыт, нақты бағыт-бағдар



1-тапсырма. «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады» деген тұжырымға интернеттен, энциклопедиядан т.б. дереккөздерден дәлелдер тауып, түсіндір.



Төле би



Қазыбек би



Әйтеке би



2-тапсырма. Берілген үзіндіге талдау жаса.

«Жүзге бөлінгеннің жүзі қара. Руға бөлінгеннің құруға асыққаны...»
Төле бидің осы сөздер арқылы қандай ой айтқысы келді? Бұл сөздің қазіргі қоғамда маңызы бар ма?

3-тапсырма. «Төле би – қоғам қайраткері» деген тұжырыммен келісең бе? Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, кестені толтыр. Өзара салыстыр.

Төле би	Қазіргі заманның қайраткері

4-тапсырма. Төле бидің адамгершілік қасиеттері туралы айтқан нақыл сөздерінің маңыздылығын хрестоматиядан оқы. Қазіргі өмірмен байланыстырып, шағын пікір жаз.



5-тапсырма. Егер Төле би болмаса, Қазақ хандығының тағдыры қандай болар еді деп ойлайсың? Төле бидің тарихи тұлға ретіндегі рөліне баға бер.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Кестені толықтыр. Төле бидің әрбір іс-әрекетінің нәтижесін, елге әсерін жаз, мақсатын анықта.

№	Төле бидің іс-әрекеті	Мақсаты	Нәтижесі / Елге әсері
1	Үш жүздің басын біріктіруге атсалысты	Қазақ халқының бірлігін сақтау	Елдің тұтастығы мен ынтымағы нығайды.
2	«Жеті жарғыны» жасауға қатысты		
3	Абылай ханды қорғады, тәрбиеледі		
4	Елшілік келіссөздер жүргізді		
5	Жоңғарларға қарсы тойтарыс беруге ұйытқы болды.		

10 Төле би. «Ердің бақыты – әйел»



Сабақта:

- шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдайсың;
- әдеби эссе жазасың.

Төле би: «Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын. «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балам дана болады. «Ердің бақыты – әйел» деген. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін де, кең жайылған дастарқанымен ердің атын шығаратын да – әйел. Малына, байлығына қызығып ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып кездесе, көрермін. Ырыс та, бақыт та, Қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Мысалы, берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің елге даңқы кетеді. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден. Ол әйелді халық та жақсы көреді, кембағал, қайыршы да жақсы көреді. Жақсы кісіні жұрт жек көре ме? «Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды», – дейді екен.

Осындай ой құшағында жүрген Төле биге түрікмен елінен елші келіп:

– Бір жылдан бері бітпей жатқан дауымыз бар еді, соған билік жасаңыз, – деп өтініш айтыпты. Жер шалғай болса да, Төле би түрікмен еліне барып, дауласқан екі жақты татуластырып қайтады.

Аттары болдырып, шөлдеп-шөліркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедей қызы да бар еді. Жалғыз көк шолақ атына мініп, байдың қыздарымен тойдан қайтқан беті еді деседі.

– Әй, әпкелер, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан атты адамдар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтіп кетпейік. Үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар – ел қорғайтұғын, жер қорғайтұғын ерлер. Кім біліпті, араларында ақылы асқан ақылды, данышпан қариялары бар шығар, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есікте қалмас» деген. Өлі-ақ бөріміз де бір-бір үйдің иесі боламыз. Шарапат, жақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Әпкелер,

аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұралық. Ер кісілер алдымыздан кесіп өтсін! Содан соң жүрсек те аулымызға жетерміз, – деді Данагүл.

Қызыл-жасыл киінген қыздар жол кеспей, иіріліп тұрып қалды. Топ алдындағы Төле би мұны алыстан көріп, байқап келе жатыр. Қыздардың тұсына жетіп, алдарынан өтіп, сәл ұзап кеткен соң қасындағы жолдасының біріне:

– Анау алдымызды кеспей кейіндеп қалған балаларды шақырып келші, – деді. Ол шауып барып, қыздарды шақырып келді. Жақындай бергенде Данагүл атынан түсіп, жаяулап:

– Әпкелер, бөріңіз де аттан түсіңіздер. Жаяу барып сәлем берейік. Үлкен кісілерге атпен тасыраңдап жетіп барып сәлем бергеніміз ұят. Бұлар – еш уақытта кездеспейтін кісілер. Жолымыз болады екен, – деді.

Барлық қыз аттан түсті. Жаяу жүріп келіп, бәрі басын иіп сәлем берді. Төле би:

– Балалар, өркендерің өссін, бақытты болыңдар, – деді қуанып. – Шырақтарым, қай ауылдың баласысыңдар?

– Сыйқым ауылының баласы едік.

– Балалар, алыстан бізді көріп, тосып тұрдыңдар. Әлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді. Не себептен тостыңдар, соны айтыңдар?

Қыздар жауап таба алмай Данагүлге қарады. Ол:

– Аталар, біз сіздерді алыстан көріп, «аталарымыз бен ағаларымыз шығар, араларында ел бастаған батыры бар шығар, сол ерге ақыл айтқан ақсақалы бар шығар. Әкеміздей үлкен, қызырлы адамы бар шығар» деп алдарыңыздан өтпей тосып тұрдық. «Үлкен кісілердің батасын алалық, жақсыны көрмек үшін, көрмеген аталарымыз, ағаларымыз болса, көрелік. Аты-жөнін білелік» деп тосып тұрдық, – деді.

– Қарағым, балам, атың кім? – деді Төле би.

– Атым – Данагүл, ата.

– Әкеңнің аты кім?

– Әкемнің аты – Алакөз.

– Жақсы, шырақтарым, өркендерің өссін, Құдай тілеулеріңді берсін! Жарайды енді, аттарыңа мініңдер, – деп Төле би батасын беріп, жүріп кетті.

– Тарт сыйқымның аулына, – деді былай шыға бере жолдастарына. Сыйқым аулына жақындап келгенде, бір серігін шаптырды. –

Бар Алакөзге, ауқатты адам ба, нашар адам ба екен? Қандай адам екен? Хал-жайын біліп, біз жеткенше қайта орал!

Шапқыншы бәрін біліп қайта оралды.

– Ой, биеке, Алакөз деген кедей адам екен. Байдың жылқышысы көрінеді.

– Үйі қайсы?

– Үйі анау шетте тұрған қараша үй.

– Жүр, мені ертіп барғын.

Шапқыншы ертіп барды. Алакөздің үйі қырық жамау, тесік-тесік, ішінен қараса, сырты көрінетін қараша үй екен.

– Алакөз қайда?

– Анау құдық басында мал суарып жүр.

– Шақырып кел!

Орта жастағы әйел шапқыншыға шидің ішінен бір тостаған айран ұсынды. Шөлдеп келген адам айранды тұшына жұтып, басын көтере бергенде, үйге ұзын бойлы, жасы отыз бес-қырықтың ар жақ-бер жағындағы жігіт ағасы кіріп келді.

– Ассалаумағаләйкүм!

– Уағалейкүмассалам! Иә, Алакөз деген сен боласың ба?

– Мен боламын.

– Сен болсаң, ауылыңа мейман келеді. Төле биді білесің бе?

– Ойбай, білмегенде ше? Оныңыз не дегеніңіз? Төкеңді кім білмейді? Ол кісіні бүкіл қазақ түгілі, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен түгел біледі емес пе?

– Ал енді сол Төкең мына түрікмен жақтан келе жатыр еді. Бүгін сенің үйіңе қонақ болады. Қонақты қарсы алуға жағдайың бар ма, батыр?

– Ойбай, бар жағдайым! Ол кісіні Құдай айдап біздікіне келсе, одан артық бақыт бар ма? Байларға бармай, біздікіне келгеніне мың мәрте шүкіршілік етеміз. Ал, бәйбіше, қамдан. Байдан бір мал сұрап әкелейін.

Шапқыншы қайта шауып кетті. Алакөз де атына мінді. Келіп сәлем беріп, Төле биді серіктерімен үйіне әкеп түсірді. Алаша, киіз жетпеген жерге қамыс төседі. Үй кісіге толды. Жалғыз сиырының айранына суды қосып жіберіп шалап жасап, бір-бір тостағаннан суын ұсынды. Біреулерді жүгіртіп, байлардың үйінен самауыр, қарызға нан алдырды. Ауыл хабарланып, жиналып қалды.

– Ой, Алакөздің үйіне Төле би келіп түсіпті. Қасында бір топ жолдасы бар, – деген хабар байға да жетті. Домаланып ол да келді.

– Төке, біздің үйге неге түспедіңіз? Мынау балаңызды ұялтқаныңыз қалай?

– Халқым үшін мен Төле би болып тұрып байға ғана, барға ғана түсіп, кедейлерді есіме алмасам, онда әділет бола ма? Байға жақ болып кедейдің ақысын жіберсем, онда мені жұрт әділетті деп айтар ма еді? Мейірімім түсіп мына Алакөздің үйіне қонақ болғым келді. Ал енді бәрің бірдей ағайынсыңдар ғой, құрметтерің болса істей беріңдер.

Лездің ішінде-ақ киіз де келіп қалды, текемет те, жастық та келіп қалды. Алакөздің үйінде жоқ болғанымен, елде бар. Мал сойылып, ауыл адамдарының бірсыпырасы жиналып, әңгіме тыңдап, Төкеңмен бірге отырды.

Бір кезде Төле би сыртта жүрген Алакөзді шақырып алды.

– Алакөзім, балаң бар ма? Қанша балаң бар?

– Уа, би аға, менің балам емес, Құдайдың баласы деп айтайын, бір қыз балам бар.

– Осы үйде жүрген келіннен бе?

– Иә, осы келініңізден.

– Мм... Жақсы екен. Келін қай елдің баласы еді?

– О, би аға, келініңіз мынау қожа атамның тұқымы еді. Тектұрмас деген әулиенің әулетінен.

– Ә, жақсы екен. Жарайды келінім. Балам, әлгі қызыңды, Данагүлді шақырып кел! Үлкен кісілердің әңгімесін естіп отырсын. Бала ғой...

Данагүл көрші ауылда қыздармен отыр еді. «Әкең шақырып жатыр», – деп бір келіншек шақырып келді.

– Атаңменен амандас, – деді оған шешесі ақыл айтып.

– Ол кісілерді мен көргенмін. Бағана күндіз сәлем бергенмін. Мені таниды, – деді Данагүл. Бір кезде тамақ пісті.

Төле бидің алдына бата сұрап бас келді.

– Әлгі Данагүл баламды шақыршы.

Табаққа бата беріп болғаннан кейінгі жерде Төле би басты қасқалап пышақпен кесті де, бір ұртын алып өз аузына салды. Бір құлағы мен таңдайын алып;

– Қарағым, Данагүл, келші, өз қолымнан ұсынайын. Құлақ бергенім – екімнің бірі бол! Таңдай бергенім – айттырмай біліп, құпия, жұмбақ сырымды шешіп, өсиетімді жұртқа жайып жүретін балам бол, міне, – деп ұсынды.

Данагүл келіп еңкейіп, қолына алып:

– Рақмет, ата. Айтқаныңыз қабыл болсын! – деді басын иіп.

Жолаушылар қонақ болып жатты. Таң атты. Шай ішіп отырғанда, жұртқа Төле би:

– Оу, жігіттер, мына Алакөз мырзамен құда болғым келіп отыр. Данагүл балама мейірімім түсті. Бұйрық болса, бала етіп алсам деп отырмын. Мен де кедей адаммын, Алакөз де кедей адам. Қоралап айдап беретін малым жоқ. Сондықтан мұнікі – менікі, менікі – мұнікі. Екеумізге екі бала ортақ. Ниетім қалыс. Қабыл көрсең, Алакөз қарағым, тапқанымыз екі баланікі, – деді. Алакөз әйелі екеуі орнынан ұшып түрегеп, жылап қоя берді.

– Би аға, біз бүйтіп дүниеге келіп, бізге бала бітіп, ол баламызға сіз секілді адамның мейірі түсіп, үйімізге келіп құда болады, Қызырға ие боламыз деген жоқ едік. Би аға, өле-өлгенше баламыз сіздікі. Ерлі-байлы екеуміздің мал-жанымыз да осы баланың жолында. Сіздің бізді елегеніңізге, осынша мейірбандықпен бізге мейіріңіздің түскеніне ризамыз. «Рас па, өтірік пе» деп келініңіз екеуміз қуаныштан жарылып кете жаздап тұрмыз.

– Ал, ендеше, олай болса, мінеки, бабам Бәйдібектің батасы болсын. Әумин, қолыңды жай. Ақылды, абыройлы, мейірлі, рақымды, кішіпейіл, киелі, айтқаны әділ, тілегі қабыл, өмір жасы ұзақ, халқына қадірлі, жұртына сүйкімді, әке-шеше, туыс-туғанына жағымды, арты үбір-шүбірлі, алды қоқырлы, нәсіпті болсын! Аллаһу әкбар! – деп бата берді.

Арада ай өтпей Төле би Данагүлді ауылына келін етіп түсірді. Келіні өзінің ойынан шығып, күткендегідей болды.

– Балам, Данагүлім, өзімнің ұлым қандай болса, сондай болып жүре бер! Атаға көрінбей қашып кетуді қой. Ол – ескірген әдет. Мен болсам, халық үшін жүрген адаммын. Көбінесе түзде жүремін. Үйдің, ауыл-абаның, бөрінің ақылшысы өзің бол, шырағым. Шаруаны да өзің басқар. Тізгін-шылбырды қолыңа ал! – деп келінін баласындай көріп, титтей нәрсе болса, ақылдасып отыратын болды. Бір жақтан жолаушылап келсе, үлкен кісідей келініне көрген-білгенін айтып, сұрақ қоя сынап, ауылдағы шаруаның жайын әңгімелетіп, үнсіз тыңдап отырады екен.

Көп ұзамай-ақ келіні ел аузына ілікті.

– О, Төкең аруақты, тегін кісі емес қой. Келінді тауып алды. Шүкірлік, келіні ауыл-аймақ, ағайын-аба, туғанға түгел ақыл беру-ге жарайды, – десті жұрт.

Төкең сыртта алты алашқа билік айтса, қара домалақ келіні ауылдағы ағайын-туғанға билік етті.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Төле би Алакөздің үйіне неге тоқтады?
2. Төле би келін таңдауда қандай ұстанымда болды?
3. Түрікмен елінен келген елшілер Төле биге қандай өтініш айтты?
4. Төле би жолаушылап келе жатқанда қандай қызға көзі түсті? Оның есімі кім?
5. Данагүл неге қыздарды тоқтатып, Төле бидің алдынан кесіп өтпеуді өтінді?
6. Данагүлдің сөзі мен әрекетінен қазіргі жастар қандай өнеге алуы керек?

СӨЗСАНДЫҚ

Қызыр – түркі, шығыс халықтарының танымында кездесетін киелі тұлға

Кембағал – тұрмысы төмендеу, жоқшылық көрген

Тасыраңдап – артық қимылдап, ерсіленіп, өзін тежей алмай жүру

Қызырлы – Қызыр (Қыдыр) дарыған, яғни құт-берекесі бар, ырысты, бақ-дәулетті дегенді білдіреді

Қоқырлы – қоқыры бар, қоқым-түкке толы, лас, кір, ретсіз деген мағынада

Нәсіпті – несібесі бар, ырысты, бақ-берекелі, үлесі мол

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

«**Асыл пышақ қап түбінде жатпайды**» – қандай дарынды, өнерлі, қабілетті адам болса да, ол түбінде жарыққа шығады, елеусіз қалмайды.

«**Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол**» – өзің би болып, елге сыйлы бол, ал егер оған жетпесең, ел құрметтеген, әділ би келетін, қадірлі, сыйлы шаңырақ иесі бол.

«**Ер сыйлаған есікте қалмас**» – ерді сыйлаған адам өзі де абырой табады, жамандық көрмейді.

ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Әдеби эссе – автордың көркем шығарманы, кейіпкерді немесе тақырыпты өзіндік көзқараспен талдауы. Әдеби эссе – жаңа пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін, таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Әдеби эссе автордың субъективті пікірі мен талдауы негізінде құрылып, шығармаға немесе кейіпкерге терең аналитикалық көзқарас қалыптастырады.


Әдеби эссе жазудың кезеңдері:

1. Тақырыпты таңдау
2. Шығарманы оқу және талдау
3. Эссе құрылымын жоспарлау
4. Аргументтерді жинау және жүйелеу
5. Жазу және редакциялау
6. Жариялау

(«Әдебиеттану терминдері сөздігінен»)



1-тапсырма. Төле би мен Данагүлдің алғашқы кездесуінде қыздың қандай қасиеттері айқын көрінді? Данагүлдің бойындағы қандай іс-әрекеті Төле бидің көңілінен шықты? Себебін дәлелдей отырып, Данагүлге мінездеме бер.



2-тапсырма. Кестені толтыр. Сөйлемдерді аяқта.



3-тапсырма. Қазіргі қоғамда Төле бидің келін таңдаудағы көзқарасы қаншалықты маңызды деп ойлайсың? Егер сен Төле бидің орнында болсаң, не істер едің? Неліктен?



4-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, нұсқаулыққа сәйкес әдеби эссе жаз.

Тақырыптар:

1. Төле бидің келін таңдауы ескілік пе әлде естілік пе?
2. Данагүлдің даралығы мен даналығы
3. Отбасындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың жарқын үлгісі

Нұсқаулық:

- Тақырыпты таңда.
- Шығармадан тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтап ал. Кейіпкер әрекетіне, мінез-құлқы мен айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына назар аудар.
- Эссе құрылымын жоспарлап, әр бөлімге тезис жаз.
- Позицияңды айқындап, аргументтер мен фактілерді, шығармадан үзінділерді келтіріп, әдеби эссе жаз.
- Жазба жұмысыңды тексеріп, қателерді түзет және көпшілікке ұсын.

5-тапсырма. Жасанды интеллект құралдарының бірін таңдап, төмендегі сызба бойынша комикс дайында.



ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«Ұрпақтар сабақтастығы отбасы тәрбиесінен басталады. Данагүл – тәрбиелі келін, өнегелі ана. Бүгінгі қоғамға дәл осындай ұрпақ жалғастырушылар қажет» деген пікірмен келісесің бе? Төле бидің Данагүлге деген көзқарасынан болашақ ұрпақ тәрбиесі туралы қандай ой түйдің? Төле би мен Данагүлдің қарым-қатынасы арқылы қазақ қоғамындағы келіннің орны мен аналық рөлін сипатта. Қазіргі келіндерді Данагүлмен салыстыр. Төле би мен Данагүлдің іс-әрекетінен бүгінгі ұрпақ не үйренуі керек? Ойыңмен бөліс.

11 Қазыбек би



Сабақта:

- берілген сұрақтарды талдайсың;
- автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат.

Қазыбек би

ОЙТҮРТКІ

Қазыбек бидің осы өсиет сөзі терең мағыналы, отансүйгіштік пен адамгершілікті дәріптейді. Төмендегі құндылықтарды қалаған ретпен орналастыр. Себебін түсіндір. Қазыбек би өсиетімен салыстыр.

Қазыбек би өсиетінен	Сен таңдаған құндылық реті
Отан	
Ата	
Әке	
Ана	
Ел	



(1667–1764)

Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам қайраткері. Өз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі. «Жеті жарғы» заңдар кодексін шығарушылардың бірі. Шыққан тегі Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руынан.

Қазыбектің анасы Тоқмейіл тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан

есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен Қазыбек ержете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек би», «Алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болады. Тәуке хан халықты бірлікте ұстау үшін үш жүзді өзінен шыққан үш биге билету арқылы басқарған. Орта жүздің биі болып Қазыбек тағайындалады. Би ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына ықпал жасап отырады.

Қазыбек би 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі болғанын аңғартады. Қазыбек халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін, ата жолы заңдарын мейлінше меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болған.

Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің ішінде алауыздықтар мен хандық билікке таластың өршіген кезіне тап келеді. Сол уақыттарда көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы басталады.

Тәуке ханның белгілі билері бастаған елшілік қалмақтарға барған кезде Қазыбек би 14 жаста екен. Қалмақ ханының алдында қазақ билері күмілжіп қалған кезде жас Қазыбек жұлқынып алға шығып, былай депті:

«Қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзасына жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпанын басындырмаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумады,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумады,

Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.
Сен темір болсаң, біз – көмір, – еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.
Бітім берсең, жөніңді айт,
Бермесең, тұрысатын жеріңді айт!»

Жас баланың бұл сөздерінен батырлықты, ынтымаққа шақырған ізгілікті аңғарған қалмақ ханы риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен», – деген екен. Содан бері Қаз дауысты Қазыбек би атаныпты. Соның арқасында тұтқындағы 90 адамды барлық мал-мүлкімен елге қайтарып алған екен. Қазыбек би бұдан кейін де екі рет елшілікке барып, көздеген мақсатын орындап қайтқан. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатқан. Қазыбек би руаралық және сұлтандар арасындағы кикілжіңдерді де шешіп отырған.

Қазыбек би XVIII ғасырдың 40-жылдарында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау өңірінде қоныстанады. Қазыбектің бес ұл, бір қызы болған. Қазыбек ұрпағы ата-баба жолын қуып, қазылық етіп, би болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы – Қазыбек бидің ұрпағы. Қызыл тілдің шебері, шындықты, әділетті жақтаған Қазыбектің:

«Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт, береке – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,

Өзің сүйген жар қымбат», – деген сөздері қазақ жастарының ғасырлар бойы өнегелі өсиет ретінде естерінде сақталып келеді.

Қазыбек би 1764 жылы 97 жасында дүниеден өткен. Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесіне жерленіп, басына құлпытас қойылған.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Би қай жерде жерленген?
2. Қазыбек би қай рудың өкілі?
3. Қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
4. Қазыбек би не себепті «Қаз дауысты» атанды?
5. Оның анасының есімі кім және ол қандай қасиеттерімен ерекшеленген?
6. Қазыбек бидің ел алдындағы еңбегі бүгінгі қазақ қоғамы үшін қаншалықты маңызды?

СӨЗСАНДЫҚ

Жарықшақ – сынған, жарылған заттың кішкене бөлігі, сынығы
Алауыздықтар – адамдар, топтар немесе ағайын арасындағы дау-дамай, жанжал, ынтымақтың бұзылуы
Құлпытас – бейіт тасы, қабір тасы

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Көз тігуі жиілеп – бір нәрсеге құмартып, иемденгісі келу ниетінің көбеюі

Қылышынан қан тамған – дәурені жүріп тұрған, үстемдігі күшті.



1-тапсырма. Қазыбек бидің балалық шағы мен анасының тәрбиесі оның қандай қасиеттерін қалыптастырды? Ой бөліс.



2-тапсырма. «Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз» деген жолдың астарлы мағынасын түсіндір.



3-тапсырма. Қазыбек бидің елшілік сапарларының тарихи мәні неде? Қалмақ ханы алдындағы сөзінде Қазыбек би қандай ұлттық құндылықтарды насихаттайды? Бүгінгі ел бірлігін сақтау жолында Қазыбек бидің қандай ұстанымын басшылыққа алу керек? Ойтолғау жаз.



4-тапсырма. Хрестоматиядан Қазыбек би туралы аңыз-әңгімелерді оқып, оның қоғам қайраткері ретіндегі рөлін бағалаңдар.



5-тапсырма. Қазыбек бидің шешендігі мен дипломатиялық қабілетін бағалай отырып, «Көшбасшы қандай болу керек?» тақырыбында эссе жаз.

Талаптары:

- Эссе құрылымын сақта.
- Ой-пікірлеріңді нақты фактілермен дәлелде.
- Тақырыпты қазіргі өмірмен байланыстыр.
- Жеке көзқарасыңа сәйкес тұжырым жаса.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Мәтінде Қазыбектің қандай қасиеттері ерекше аталады? Мәтіннен дәлелдер келтір, баға бер. Кестені толтыр.

Қасиеті	Мәтіндегі дәлел/үзінді	Бағасы
Батылдық	Қалмақ ханының алдында қазақ билері күмілжіп қалған кезде, жас Қазыбек жұлқынып алға шығып, ...	Батыл, қайсар

**Сабақта:**

- әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырасың;
- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға бересің.

Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігін өз құлағымен естіп, көз жеткізгісі келген бір білгір адам оған: «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» – деген үш сұрақты қатарынан қойса керек. Сонда Қазыбек би былай деп жауап қайырған екен:

Ақылшы болса, апайың жақын,
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын.
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бөрінен де әйелің жақын.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат...

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын,
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз үйің.

Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын.
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын,
Тентек болса, ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай
Ашиды сонда бас миың.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Қазыбек би кімге «апайың жақын» деп жауап берді?
2. «Өзің сүйген жар қымбат» дегенде не айтқысы келді?
3. Мәтінде қандай туыстық қатынастар аталған? Атап шық.
4. Мәтіндегі қай жолдар сізге ерекше әсер етті? Неліктен?
5. «Қымбат», «жақын», «қиын» сөздері мәтінде қандай мағынада қолданылып тұр?
6. «Қымбат» пен «қиын» деген ұғымдар арқылы Қазыбек би қандай құндылықтарды көрсетті?

СӨЗСАНДЫҚ

Шанышқылаған – біреудің көңіліне қатты тиетін, жанын жаралайтын сөз.

ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

Автор стилі – автордың сөз қолдану ерекшеліктері, жазу әдісі, тілдік құралдарды пайдалану тәсілі. Автор стилін анықтау үшін мынаған назар аудару керек:

Тіл байлығы (қарапайым тілде жаза ма? Күрделі сөздер / терминдер / дәйексөздер / т.б. қолдана ма?);

Сөз қолданысы (синонимдерді, антонимдерді қолдануы / поэтикалық стильді / қара сөзді / көркем сөздер мен бейнемен суреттеу тәсілдерін қолдануы / т.с.с.

Сөйлем құрылымы (сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді / риторикалық сұрақтарды / логикалық жүйелілікті сақтауы / терең ойлар мен философиялық толғаныстар);

Тақырып пен идеяны жеткізуі (тақырыптың ашылуы, идеяны айқын, тікелей немесе құпиялы (астыртын) жеткізуі).

(«Әдебиеттану терминдерінің сөздігінен»)



1-тапсырма. Қазыбек би нені «қиын» деп бағалайды? Екі мысал келтір. Қазыбек бидің «қиын» деп сипаттаған жағдайларын қазіргі заманмен салыстыр. Қандай ұқсастықтар немесе айырмашылықтарды байқадың?

Қазыбек бидің
«ҚИЫНЫ»

...

...

Қазіргі заман-
ның «ҚИЫНЫ»

...

...



2-тапсырма. «Жақын» сөзінің берілген мысалдарында қандай мағыналық ауысу бар? Салыстырып, 2 мысалмен дәлелде. Мәтіндегі «жақын» мен «қымбат» деген сөздердің мағыналық аясына топтастырылған туыстық байланыстар мен ұлттық құндылықтарды тап.



3-тапсырма. Үзіндідегі негізгі тақырып пен идеяны анықта.

Тақырыбы

Идеясы

Көтерілген мәселелер



4-тапсырма. Өлеңнің құрылымы жағынан қандай ерекшеліктерді байқадың? Өлеңнің ұйқас түрін тап.



5-тапсырма. Сыныптасыңмен талқыла. «Не қымбат?» «Не қиын?» «Кім жақын?» деген сұрақтарға жауап беріп, өз ойыңды айт.

Не қымбат?

Не қиын?

Кім жақын?



6-тапсырма. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды тауып, кестені толтырыңдар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар
Эпитет	
Метафора	
Теңеу	
Эпифора	



7-тапсырма. Қазыбек бидің шешендік сөздерін басқа авторлардың нақыл сөздерімен салыстырып талда.

Авторы	Даналық сөздер
Конфуций	Шын достар – бір жүректің қос жартысы.
Абай Құнанбайұлы «Отыз екінші қарасөзі»	Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не нәрсе жақсы көрінеді – соған жақын болады, жақсы нәрсеге ынтық болады, сұқтанады.
Сократ	Өзіңді таны. Ең қымбат нәрсе – өз болмысыңды білу.
Лев Толстой	Адам өзін-өзі жеңген кезде ғана нағыз күшке ие болады.



8-тапсырма. Қазыбек бидің сөздерінен оның қандай өмірлік тәжірибе, танымы байқалады? Қазыбек бидің жауабы неліктен әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған деп ойлайсың? Ойыңды жаз.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Қазыбек бидің терең мағыналы сөздерін негізге ала отырып, кестені толтыр.

Маған қымбат нәрсе	Неліктен қымбат?	Сол құндылықты қалай қорғай аламын?



Сабақта:

- көркем шығармалардан алынған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданасың.


Құнды сөздің қоймасы

Батыр боп жауға найзаң тимесе,
Батырлықтан не пайда?
Бай боп халқыңа пайдаң тимесе,
Байлығыңнан не пайда?

Әйтеке би

ОЙТҮРТКІ

Әйтеке бидің бұл өсиет сөзі адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі мен елге қызмет ету парызы жайлы терең ой тудырады. Ой негізіндегі ұғымдарды маңыздылығына қарай пирамида түрінде орналастыр. Олар: байлық, ерлік, адамгершілік, елге қызмет, адалдық, атақ, әділдік. Өз таңдауыңды дәлелде.



(1644–1700)

Әйтеке би Байбекұлы – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Алшын тайпасының Әлімұлы руынан шыққан. Әмір-Темірдің бас кеңесшісі. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім мен Жәңгір хандардың тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың жақын туысы.

Әйтеке бес жасында молдадан оқып сауатын ашқан. Шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің ықпалы тиеді. Жеті жасынан бастап Әйтеке Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Ел басқару ісіне, басқа елдерден келген қонақтарды қабылдау, халық арасындағы дау-дамай, келісім, бітім істеріне қатысып отырады. Ол алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі

«Тіллә-кари» (қазақша «Алтынмен апталған»), «Шердор» (қазақша «Арыстанды») медресесінде білім алады. Осында дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Әйтеке бидің шын есімі – Айтық.

Ақша бабасынан елшілік, ел басқару жолдарын үйренеді. Ал Жалаңтөс әскери қолбасшылық дағдыларын үйреткен. Медресені тәмамдаған Әйтеке туған ауылына оралып, әкесімен ел басқару ісіне араласа бастайды. 21 жасында Бұхара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал 25 жасында Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. 1680 жылы Тәукені хан сайлауға атсалысады. Кейін Тәуке хан «Хан кеңесін» сайлап, Әйтеке Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болып бекіген. Осы кезде елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Тәуке хан, Әнет баба, Соқыр Абыз, Майлы, Төле, Қазыбек және тағы басқа билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылданды.

Әйтеке ресми түрде хан кеңесшісі болды. Ол орталықтандырылған біртұтас қазақ хандығын құру жолында белсене атсалысты. Қазақ елінің үш жүзінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы болды. Өзін дана, әділ би, аузы дуалы шешен, ішкі және халықаралық күрделі мәселелерді шешуде төреші, озық ойлы қайраткер ретінде таныта білді.

Әйтеке би 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға қатысып тұрды. Бұл жиындар Ордабасыда, сонан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін еді. Тәуке ханнан бастап дәстүрге айналған бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланды. Жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстарда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтайтын пәтуаны Әйтеке би айтады екен.

Ол Қазақ хандығының таяу және алыс елдермен қарым-қатынасындағы саяси мәселелер шешілген кезде сот функцияларын атқарды. Әйтеке би дипломатиялық істермен айналысты – Қырғызстанның руларымен, Қарақалпақ қауымдарымен байланысты дамытты. Ресеймен сауда байланыстарын орнатты.

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Әйтеке би Байбекұлы 1700 жылы қайтыс болып, Өзбекстанның Науаи облысы Нұрата ауданында жерленген.

Әйтеке бидің толғауы мен нақыл сөздері

Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Тамыры суда тұрса да,
Уақытысы өткенде,
Қурамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен қиын сол екен,
Артыңда жанған шырақ жоқ.
Батыр боп жауға найзаң тимесе,
Батырлықтан не пайда.
Батыр боп халқыңа пайдаң тимесе,
Байлығыңнан не пайда...
Іні – ағаның тынысы
Қара қылды қақ жарған – жақсылардың.
Ағаң келсе, ардақтап атын байлағандай,
Қонағың келсе, құрметтеп, көңілін жайлағандай.
Тындырымды інісі болса,
Қанат-құйрығы сай болып,
Көңілі жай болып,
Ағаның алар тынысы болса,
Інінің міндеті – басқару,
Ағаның реті – бас бағу емес пе?
Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.
Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң, сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады.
Жол қуған ажалға жолығады.
Жігіттің жақсысы:
Дұрыс сөзге тоқтай білген,
Басқаны сөзіне тоқтата білген.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Әйтеке би қай медреселерде білім алды?
2. Ол қай жылдары Кіші жүздің бас биі болды?
3. Әйтеке биді не үшін ұлы тұлға деп есептейміз?
4. Әйтеке бидің ел басқару ісіне араласуына кімдер ықпал етті?
5. Әйтеке би туралы көркем фильм түсіру тапсырылса, басты тақырып ретінде нені алар едің?

СӨЗСАНДЫҚ


Пәтуа – ортақ тоқтамға келу, бір шешімге тоқтау

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕС

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – ұзақ әңгіме мен көп сөздің ең негізгі түйіні, қысқаша қорытындысы.



1-тапсырма. Әйтеке би туралы сызбаны толтыр.



2-тапсырма. Әйтеке бидің толғауы мен нақыл сөзін оқып, онда айтылған негізгі ойды қысқаша түсіндір.



3-тапсырма. Әйтеке бидің толғауында айтылатын жағдайларды, өмірмен байланыстырыңдар. Мысалдар келтіріп, өз тұжырымдарыңды айтыңдар.



4-тапсырма. Әйтеке бидің бір нақыл сөзін таңдап, топта талқылаңдар.

I топ. «Батыр боп, жауға найзаң тимесе...»

- Батыр болу тек жауға қарсы тұрумен ғана өлшене ме?
- Егер батыр халқының игілігі үшін қызмет етпесе, оның батырлығының мәні неде?
- Қазіргі заманның батырлары кімдер?

II топ. «Іні – ағаның тынысы»

- Аға мен іні арасындағы рөлдер мен міндеттерді қалай түсінесіз?
- «Ағаң келсе – ардақтап атын байлағандай, Қонағың келсе – құрметтеп, көңілін жайлағандай».
- Аға мен іні арасындағы қарым-қатынастың қоғамдағы орны қандай болуы керек?

III топ. «Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі»

- Бұл нақыл сөзде әділеттілік қалай сипатталған? Әділ болудың маңызы неде?
- Қазіргі қоғамда әділеттілік қалай орындалады? Әділдікті сақтау қиын ба?
- «Қара қылды қақ жару» дегенді қалай түсінесің?



5-тапсырма. Берілген тақырыптың бірін таңдап, әдеби эссе жазыңдар.

Тақырыптар:

1. Бірлік – елге тірек
2. Әділдік пен адамгершілік
3. Тарихтан тағылым
4. Қазіргі жастар және ұлттық рух
5. Өзгерісті өзіңнен баста

Нұсқаулық:

- Эссе құрылымын сақтау.
- Ойыңды дәлелдеп жаз.
- Тақырыпты қазіргі өмірмен байланыстыру.
- Жеке көзқарасыңа сәйкес тұжырым жаса.



6-тапсырма. Әйтеке бидің толғауы мен нақыл сөздерінен нелерді бөліп көрсетер едің? «Топ-3: Әйтеке бидің ақылы» рейтингін құрып, дәлелдер келтіре ойыңды түсіндір.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Әйтеке бидің мына шешендік ойларын жалғастыр:

- | | |
|---------------------|-----------------------------|
| 1. Елдің сөні – ... | 3. Бірлік кеткен елде ... |
| 2. Әділ би – ... | 4. Ақыл мен ар біріксе, ... |

14 Әйтеке би. «Қасқакөл дауы»



Сабақта:

- шығармадан әдеби тілді құбылту мен айшықтау амалдарын тауып талдайсың;
- автор стилін бағалайсың.



Төле бидің егде тартқан шағы болса керек. Орта жүз бен Ұлы жүздің адамдары ортадағы Қасқакөл деген көлге таласып, оған үш жүздің билері қатысады. Соның ішінде бұл дауға Кіші жүзден Әйтеке де араласады. Дегенмен ел ішінде билер пәтуасы сан рет нәтижесіз аяқталған екен. Төле мен Әйтеке бірінің сөзін бірі құптап келісімге келгенімен, Орта жүздің биі орақ тілді Орманбет жасы кіші болса да, сөзге тұсау салғызбайды. Арлы-берлі жүрістен қажыған Төле мен Әйтеке Орманбетке адам жіберіп, хат жазады. Орманбет хатты оқып шығып, жауап қайтарады. Елші хатты алып, Төле биге ұсынғанына үш күн өткен соң Төле би мен Әйтеке би Айқынкөл жағасына үй тігіп, Қасқакөл жайлы соңғы шешім шығаруға бекінеді. Жиырмадан астам ақ шаңқан үй тігіліп, билер түгел бас қосыпты. Орманбет адамдарымен келіп аттан түседі де, сол беті үлкен билерге сәлем беріп, ақ ордаға кіреді. Сонда Төле:

– Ай, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлгенім жоқ,
Бұдан бұрын неше сәлем айтсам да, келгенің жоқ.
Ер кетер, жер жетер, Орманбет!
Ешкімге опа қылмас дүние боқ!
Ей, Орманбет, сен бізден кіші баласың,
Біз барып қайттық, сен ілгері барасың.
Біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз,
Сен жас едің, көңілдегіңді аларсың! – дейді.

Сонда Әйтеке би де Төленің сөзін қостап:

– Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.
Бай болып, пайдаң тимесе,
Батыр болып, найзаң тимесе,
Жұрттан алабөтен үйің күйсін деген бар.
Мына бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын, – дейді.

Сонда Орманбет:

– Екі би, айтқан сөзің жарасады,
Еншіге әркімдер-ақ таласады.
Бұл Қасқакөл – Орта жүздің көлі еді,
Айтқандарың қиянатқа жанасады.
Қанағатсыз билерді қабан деген,
Қамшылатқан жүйрікті шабан деген.
Біреудің ақысына зорлық қылса,
Ақыретте мұндай істер жаман деген, – деп, екі биге кезек қарап тұйғындай түйіліп, отыра қалады.

– Ей, Орманбет, сен бізге Қасқакөлді беріңіз,
Қасқакөл, рас, саған жақынырақ.
Бардан пайда, жоқтан залал деген,
Не берсе де, қайырын тілеп көріңіз.
Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар,
Әр жерде су ішетін басқа көл бар.
Үш бөліп, енші қылып алысайық,
Жер жетер, көңіліңді ұстама тар, – дейді Төле би.

Үш би кеңесшілерімен бірге олай сөйлесіп, бұлай сөйлесіп, келісе алмайды. Орманбет екі қартқа ырық бермеген соң, Төле би қатты сөз айтады. Ақыры бұл жолы да дау бітпей, Орманбет еліне қайтады. Үйіне келген соң даудың мән-жайын бастан-аяқ анасына баяндап береді. Сонда анасы:

– Балам, қарт билерді бекер ренжіткен екенсің, әлі де тілімді алсаң, Қасқакөлді бөліп бер, – дейді.

Анасы айтып қоймаған соң Орманбет ұзақ ойланып, ақыры көнеді. Көнеді де, үй тігіп, тоғыз бие сойып, Төле мен Әйтекені шақырады. Билер келіп ақылдасып отырғанда Төле би былай дейді:

– Әйел жақсы болса, білім иесі батыр туады,
Жаман болса, еркек бөкселі қатын туады.
Әйел жақсы болса, ердің басшысы емес пе?!
Бұрынғылар осылай демес пе?
Қасқакөлді алам деп келіп едім,
Орманбет бермеген соң өліп едім.
Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып,
Мәңгіде тірілмейтін болып едім.

Жеңгей, мені тірілттіңіз, енді балаңызға бата берейік, – дейді. Сөйтіп, көлді ынтымақпен бөлісіп, риза болып тарқапты.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Дауда қай билер өзара бір-бірін қолдады?
2. Үш жүздің билері қандай дауға байланысты жиналды?
3. Орта жүздің биі Орманбет қандай мінезімен ерекшеленеді?
4. Төле бидің соңғы батасынан қандай өмірлік сабақ алуға болады?
5. Әйтеке мен Төле би Қасқакөл жайлы шешімді қай жерде шығаруға бекінді?
6. Орманбет шешімін не себепті кейін өзгертіп, көлді бөліп беруге келісті?
7. Әйтеке бидің сөзі арқылы қандай адамгершілік қағидалар көрініс табады?

СӨЗСАНДЫҚ

Билер пәтуасы – даулы мәселені шешуде билердің айтқан кесімді сөзі, үкімі, тоқтамы

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Орақ тілді – шешен, өткір сөзді, ойын қысқа да нұсқа, дәл жеткізетін адам.

Сөзге тұсау салғызбайды – өз ойын ашық, еркін жеткізеді, ешкімнен именбей сөйледі.



1-тапсырма. Берілген тіркестер мен сызбаны пайдаланып, мәтін мазмұнын айт.





2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша «Неліктен?» деп басталатын сұрақтар мен «Себебі» деп басталатын жауаптар дайында.

Үлгі:

Неліктен Төле би Орманбетке хат жазады?

Себебі Орманбет жасы кіші болса да, сөзге тұсау салғызбайды.



3-тапсырма. Сызбаны пайдаланып, Орманбеттің әрекетіне баға бер.



4-тапсырма. Ананың рөлі осы оқиғада қандай маңызға ие болды? Орманбеттің анасы неге шешім өзгертуге ықпал етті? Жауаптарыңды қазіргі өмірмен салыстырып айт.



5-тапсырма. Кестеге қара. Менталды картаны толтыр. Таңдауыңды түсіндір.

	антитеза	эпифора	эпитет	кейіптеу	метафора
Жеңгей, мені тірілттіңіз.					
Дүние – боқ.					
Ешкімге опа қылмас дүние.					
Мен әлі тірімін, өлгенім жоқ.					
Орақ тілді					
Ақ шаңқан үй					
Қанағатсыз билерді «қабан» деген.					
Қатты сөз					

6-тапсырма. Шығарма кейіпкерлерінің сөйлеу стилін анықта.

Кейіпкерлер	Сөйлеу ерекшелігі	Көркемдегіш құрал
<i>Орманбет</i>		
<i>Төле би</i>		
<i>Әйтеке би</i>		
<i>Орманбеттің анасы</i>		

7-тапсырма. Сен Қасқакөл дауына қатысушылардың бірісің. Көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, кейіпкерлердің бірінің стилінде дауға қатысты шешіміңді айт. Кейіпкердің сөйлеу стилін сақта.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«Билік айту – сөзбен емес, жүрекпен өлшенеді» дегенді осы дауға қатысты қалай түсіндіресің?

Егер сен Орманбет бидің орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің?



Сабақта:

- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырасың;
- шығарманың жаңашылдығына баға бересің.

Құнды сөздің қоймасы

Азамат жетім болмайды – халықтан болса панасы,
Халық жетім болмайды – басшы болса данасы.

С. Датұлы

ОЙТҮРТКІ

Сырым Датұлының бұл нақылы – ел мен басшының бірлігі, халық пен тұлғаның өзара жауапкершілігі жайлы. Осы ой негізінде мына сұрақтарға жауап бер:

- Қазіргі заманда «дана басшы» деп кімді атар едің?
- «Халықтан пана тапқан азамат» дегенді қалай түсінесің?
- Сен өз ортаңда қандай азаматтық іспен үлес қосар едің?



(1753–1802)

Сырым Датұлы 1753 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Сарыой ауылында дүниеге келген. Сырым батыр Ресей империясы патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтарының 1783–1797 жылдарындағы көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен. Атақты Байбақты Шолан батырдың немересі. Шыққан тегі – Кіші жүздің Алшын тайпасының Байбақты руынан. Асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен аты шыққан «Бала би» атанды.

XVIII ғасырдың аяғындағы отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің ұйымдастырушысы әрі көсемі. Сырым дүниеден озған кезде оның асында 2 мың жылқы, 2,5 мың қой сойылып, 5 мың күбі қымыз ішілген және бірнеше жүз ақ шаңқан киіз үй тігілген. Бұл, бір жағынан, оның байлығын, екінші жағынан, халық арасындағы беделін білдіреді.

Сырым 2 мың шаңырақты басқарған. Сырым Датұлы отарлық бұғаудан елді босатуға зор үлес қосқан. Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі – патша саясаты мен Жайық казактарының жүгенсіздігі, олардың қазақ халқын қанауы болды.

1783 жылдың тамыз айында Жайық казактары Сырым мен Нұралы хан ауылдарын тонау жорықтарын бастады. Осы кездерде Сырым түрмеге түседі. Нұралы хан Сырымның ел арасында беделі жоғары екенін білгендіктен, оны орыстардың түрмесінен босатып алады. Сырым темір тордан шыққан соң халық көтерілісінің қарқыны үдей түсті.

1784 жылдан бастап Сырым бастаған халық қозғалысының күресі енді Әбілқайыр әулетінен шыққан хан мен сұлтандарға қарсы бағытталады. Кіші жүздің көп руы Нұралы ханға бағынбай, көтерілісшілер жағына шығады. Бұл уақытта патшаға бас көтеруден қорыққан Нұралы Сырымға қарсы шығып, Ресейден көмек шақырады. Осы кезден бастап Сырым батыр екі жаумен бірдей шайқасуға мәжбүр болады. 1784 жылы Сырым Сағыз өзенінің бойында Нұралы ханға шабуыл жасағанда, ол орыс-казак бекіністеріне қашып құтылады.

1785 жылы Орал бекінісінің төменгі жағында ірі шайқастар болды. 1783–1785 жылдары қазақтың байбақты, табын және тама руларының жайылымдық жерлерін казактар басып алған соң, қиян-кескі ұрыстар болып өтті. Бұл кезеңде Кіші жүздің батыс аудандарында стихиялы көтерілістер басталды, олар Жайық пен Ембі өзендері арасында көшіп-қонып жүрген руларды да қамтыды. Қалыптасқан жағдайды пайдалана отырып, патша өкіметі тікелей ру старшындарымен келіссөздер жүргізе бастады. Бір жағынан, бұл саясат қазақ даласындағы хандықты жою мақсатында жүргізілді. 1786 жылы 13 шілдеде II Екатерина Нұралы ханды қызметінен босатты.

Хан тағынан Нұралы кетіп, Ералы отырғанымен де жағдай түзелмейді. Халықтың наразылығы одан сайын күшейе түседі. Сырым бастаған көтерілісшілер енді ашық соғыс қимылдарына көшіп, патша қамалдарына шабуыл жасай бастайды. Бірақ олар пәлендей нәтижеге жете алмайды. Елек қамалына жасаған шабуылдың сәтсіздігінен кейін Сырым соғыс тәсілін өзгертіп, партизандық әрекеттер жасауға көшеді. Шегаралық бекіністерге, сұлтандар мен оларды қолдаушылардың ауылына тұтқиылдан шабуылдап, адамдарын тұтқынға алады.

1797 жылы Кіші жүз ханы Есім көтерілісшілер қолынан қаза тапты. 1797 жылы 28 тамызда Сырым Датұлы көтерілісті тоқтату туралы шешім қабылдады. Ол хандық кеңестің құрамына енген болатын, алайда оны сұлтандар қудалағандықтан, Хиуаға қашуға мәжбүр болды.

Сырым Датұлы 1802 жылы дүниеден өтті. Оның өлімі туралы ел аузында түрлі әңгімелер айтылып келді. Есім ханның орнына Айшуақ хан сайланғаннан кейін ол Есімнің кегін алмақ болып, арнайы жасақ құрып, Сырым батырға қарсы аттанады. Соңынан індете қуып, маза бермеген патша экспедициясынан ығысқан Сырым батыр Хиуа хандығының жеріне өтіп кетеді. Ел арасында аты мәшһүр болған батырдан қауіптенген Хиуа ханы оның көзін жоюдың амалын жасайды. Ақыры, оның есебін тауып, улап өлтірген делінеді.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Сырым қай рудың өкілі?
2. Көтерілістің негізгі себебі не?
3. Сырым Датұлы кімнің немересі болған?
4. Сырым Датұлы қай жылы қайтыс болды?
5. Нұралы хан неге Сырымға қарсы шықты?
6. Сырым Датұлы не себепті «Бала би» атанды?
7. Сырым Датұлы қай жылы, қай жерде туған?
8. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс қай жылдары болды?
9. Сырым Датұлының асында қанша мал сойылып, қанша күбі қымыз ішілді? Бұл нені білдіреді?

СӨЗСАНДЫҚ


Атақты Байбақты Шолан батыр Кіші жүздің Байбақты руынан шыққан. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген деп айтылады

Ақ шаңқан – аппақ, ақ түсті, жарық, көз тартар әдемі ақ үйлерді, киіз үйді сипаттауда қолданылады

Қарашасы – елді билеушінің қарапайым жұрты, бағыныштысы, қол астындағы елі



1-тапсырма. С. Датұлы туралы мәтінді тыңда. Оқыған мәтін мен тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды байланыстырып, сызбаны толтыр.



2-тапсырма. Сырым батырдың сөздерін бүгінгі заманға бейімде. Мысалы, Сырым батырдың Хиуа ханына немесе Нұралы ханға айтқан сөздерін қазіргі қоғамдағы белгілі бір тұлғаларға, саяси көшбасшыларға немесе әлеуметтік мәселелерге байланысты айт. Осы сөздерді өзгеріссіз немесе аздап бейімдеп, қазіргі қоғаммен салыстырғанда қалай тұжырымдай аласың?



3-тапсырма. Сырым Датұлының бойындағы қай қасиеттер ата-баба дәстүрін жалғастырудың көрінісі болып саналады? Жауабыңды нақты мысалдармен дәлелде.



4-тапсырма. «Сырым Датұлы – саяси көшбасшы және қоғам қайраткері» тақырыбында 2 минут сөйле. TEDx форматында монолог дайында.



5-тапсырма. Сырым Датұлының өмір жолына және күрескерлік ісіне баға бер. «Сырым Датұлы – елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһарман» тақырыбында әдеби эссе жаз.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Мәтін бойынша мына сөйлемдерді жалғастыр:

- Мен үшін Сырым Датұлы –
- Оның өмірі маған ... үйретті.
- Егер мен Сырымның орнында болсам,



Сабақта:

- әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайсың.

Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда сол елдің Балаби деген биіне кез келеді. Сырым мен Балаби екеуі көп әңгімелеседі. Балаби Сырымға бірнеше сұрақ ояды, Сырым жауап береді.

– Сіз ағайынды нешеу едіңіз? – дейді Балаби.

– Мен ағайынды екеумін, – дейді Сырым.

– Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік.

– Сіз түсінбедіңіз, мен Даттан он бір екенім рас, бірақ олардың маған қанша керегі бар? Менің ағайынды екеумін дегенім – біреуі өзім, екіншісі – халқым.

– Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не? – дейді Балаби.

– Сөз анасы – құлақ,

Су анасы – бұлақ,

Жол анасы – тұяқ, – деп жауап береді Сырым.

– Өтірік пен шынның арасы қанша жер, неше шақырым болар? – дейді Балаби.

– Өтірік пен шынның арасы төрт елі. Көз бен көргеннің арасы, құлақ пен естігеннің арасы неше шақырым деп мені алдамаңыз, – дейді Сырым.

– Ақылды қандай адамға айту керек?

– Ақылды ұққанға айту керек.

– Ат не үшін шабады?

Ер не үшін шабады?

– Ат шабысына қарай шабады,

Ер намысына қарай шабады.

– Бұл дүниеде не тәтті? – дейді Балаби.

– Аста тұз тәтті,

Адамда дос тәтті, – дейді Сырым.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. «Сөз анасы» деп Сырым нені атады?
2. «Су анасы» мен «жол анасы» деп нені айтты?
3. Сырым «өтірік пен шынның арасы» қанша деді?
4. Балаби Сырымға ең алғаш қандай сұрақ қойды?
5. Сырым «ағайынды екеумін» дегенде кімді меңзеді?
6. Балаби қойған сұрақтардың мақсаты не деп ойлайсыз?
7. «Ат не үшін шабады?» деген сұраққа қалай жауап берді?
8. «Бұл дүниеде не тәтті?» деген сұраққа не деп жауап берді?



1-тапсырма. Мәтінге композициялық талдау жаса.

Басталуы

Байланысуы

Дамуы

Шиеленісуі

Шарықтау шегі

Шешімі

Қорытынды



2-тапсырма. С. Датұлының «ағайынды екеумін», «сөз анасы – құлақ» деген сөздерінің мағынасын түсіндір.



3-тапсырма. Сырым Датұлы мен Балаби арасындағы әңгімеден қандай ұлттық құндылықтарды көруге болады?



4-тапсырма. Топтарға бірігіп, Quizizz, Kahoot немесе басқа да өздеріңе таныс платформалардың бірінде «Сырым Датұлының даналық сөздері» тақырыбына тапсырма (тест, викторина, сөзжұмбақ т.б.) құраңдар.

Нұсқаулық:

1. Ыңғайлы платформаны таңдаңдар.
2. Тапсырма түрін (үлгісін) көрсетіңдер.
3. Тапсырманы дайындаңдар.
4. Тапсырманы сақтап, сілтемесін басқа топтарға жіберіңдер.
5. Жауаптар нәтижесін қарап, кері байланыс беріңдер.

5-тапсырма. Сырымның батырлығын, шешендігін және тапқырлығын дәлелдеп жаз.



ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Қасиеті	Дәлел (мәтіннен мысал)	Қазіргі кездегі қолданысы

17 Бұқар жырау



Сабақта:

- автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасайсың.

Құнды сөздің қоймасы

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.

Бұқар жырау

ОЙТҮРТКІ

Бұқар жыраудың айтқан нақыл сөзінің әр тармағының мағынасын талдап, өз ойыңды жаз.

Өлең жолы	Менің түсінігім	Қазіргі өмірмен байланысы
Ер жігітке жарасар, қолына алған найзасы		
Би жігітке жарасар, халқына тиген пайдасы		



(1668–1781)

Бұқар жырау Қалқаманұлы – Қазақ хандығының ірі мемлекет қайраткері, қазақтың ұлы жырауы, Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын арысының Сүйіндік тайпасының қаржас руынан шыққан. Заманындағы сыншылар оны «Көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Бұхарадағы, Қарнақтағы медреселерде оқыған.

Бұқар жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүрді. Сол замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір ту-

дың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік үдесінен табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас тігіп, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосты. Олардың өшпес әдеби бейнесін жасады. Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін жырлады.

Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Әй, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал айтамын, айтамын» деген толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал «Керей, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұқар жыраудың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып, тарих сахнасынан кетуіне жол ашқанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «Әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Тіпті ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды.

Бұқар жыраудың толғаулары – шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына ықпал етті. Қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша көмек берді. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының

отаршылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін бақылаған Мұхтар Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жайы туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді.

Бұқар жырау есілтіп-төгілтіп, алмастай жарқылдап, дария суындай құйылып отырады. Оның табан астында айтылған құдіретті ой-толғаныстары, тапқыр билік-кесімдері толғау түрінде беріледі. Қиыннан қиыстырылған құрыштай тастүйін сөздер, қанатты кесек ойлар, пайымы терең байламдар белгілі бір нақысты мақалмен тақпақтата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды. Бұқар жырау дәуір, құбылыстарын қозғап қана қоймаған, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай таныған.

Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Көрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Жырауды қалай атаған?
2. Қандай медреселерде оқыған?
3. Ол қай ру мен тайпадан шыққан?
4. Бұқар жыраудың толық аты-жөні кім?
5. Бұқар жырау қай жылдар аралығында өмір сүрді?
6. Бұқар жыраудың Абылай ханға қарым-қатынасы қандай болды?

СӨЗСАНДЫҚ


Баһадүр – ержүрек, батыр, қайтпас қаһарман адамға берілетін атақ
Қапияда – күтпеген жерден, кенеттен, ойда-жоқта, аяқ астынан

Қыл үстінде тұрған кезде – өте қауіпті, қатерлі, шешуші сәтте
Әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай – әділдігімен аты шыққан аңыздағы патша Наушаруанға теңеу. Ол тарихта «Әділетті Наушаруан» (Кисра Ануширван, VI ғ. Иран шахы) ретінде белгілі. Халық арасында әділ билігімен, әділетті үкімдерімен даңққа бөленген. Жомарттығымен аты шыққан Атымтайға теңеу. Ол – арабтың Хатым ат-Тайи атты аңыз кейіпкері, дүние-мүлікті халыққа аямай таратқан асқан жомарттығымен танылған.

Қырық мың атан тарта алмас – өте ауыр, шектен тыс зор салмақты, қайратпен де, күшпен де жеңу қиын



1-тапсырма. Жыраудың толғауларында қандай негізгі мәселелер қозғалды? Мәтінде берілген негізгі тақырыптар мен құндылықтарды тізіп шық.



2-тапсырма. «Көмекей әулие» атануының себебін түсіндір. Мәтінде келтірілген «Әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деген сөздердің автор бейнесін ашудағы маңызын түсіндір.



3-тапсырма. Заманауи платформалардың бірін пайдаланып, «Бұқар жырау өмірі мен шығармашылығы» атты инфографика жаса.

Қамтылатын тармақтар:

- өмірбаяны,
- Абылай ханмен байланысы,
- негізгі толғаулары,
- өсиеті,
- даналық ойлары.



4-тапсырма. Бейнебаянды көріп, Бұқар жырау мен Абылай хан арасындағы қарым-қатынасты сипатта.

Бұқар жырау «Қазақтың ендігі Жиделі Байсыны – осы жер!» деп қай жерді айтты?

5-тапсырма. Мәтіндегі Бұқар жырау бейнесін саяси қайраткер, жырау, көреген ретінде бағалап, топтық тапсырмаларды орындаңдар.

Қалпақтар	Тапсырмалар
 фактілер	Саяси қайраткер, жырау, көреген екеніне нақты дәлелдер келтіріңдер.
 сезім	Бұқар жыраудай қайраткерлердің еңбегін бағалаңдар.
 сын	Бұқар жыраудың елдің ішкі-сыртқы мәселелерін шешудегі тапқырлығын сипаттаңдар.
 идея	Бұқар жыраудан алар 5 тәлімді көрсетіңдер.
 Жақсы жағы	«Бұқар жыраудан үйрен» – жарнама жасандар.
 Қорытынды	Барлық айтылғандарды қорытындылаңдар.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Бұқар жырау туралы 5 жолды өлең құрастыр.

1-жол: Бұқар жырау

2-жол: екі сын есім

3-жол: үш етістік

4-жол: бір сөйлем (негізгі ой)

5-жол: бір сөзбен қорытынды



Сабақта:

- әдеби шығармадағы психологизмді анықтайсың.

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз:
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың.
Күнінде ертең біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шартарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,

Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауысы қудай саңқыған,
Назыменен күлдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Толғауда неше тілек айтылады?
2. Бірінші тілек мазмұны қандай?
3. Бесінші тілек нені насихаттайды?
4. Сегізінші тілек неге қатысты айтылған?
5. Толғауда кімнің жесір қалмауы тіленеді?
6. Үшінші тілек арқылы жырау нені меңзеп тұр?
7. Жетінші тілек қандай жағдайдан қорғануды ескертеді?
8. Оныншы тілек мазмұнында ана бейнесі қалай суреттеледі?
9. Бұқар жырау бұл өлең арқылы халыққа қандай насихат айтпақ болды деп ойлайсың?

СӨЗСАНДЫҚ

Үшкілсіз көйлек – кебін (мәйітке кигізілетін киім)



1-тапсырма. Әр тілектен қандай негізгі ой, құндылық көрініс тапқанын бөліп жаз.

Дін	Ел бірлігі	Бейбіт өмір	Отбасы амандығы



2-тапсырма. «Тілек» өлеңінде көтерілген мәселелерді анықта. Өлеңтегі әр тілектен автордың қандай сезімі, көңіл күйі байқалады? Мысал келтір.



3-тапсырма. Жыраудың «Желкілдеген ту келіп...» дегенді қандай оймен айтқан деп ойлайсың? Ойыңды дәлелдер келтіріп түсіндір.



4-тапсырма. Толғаудағы тілектерді топтастырып, төмендегі кестеге бөліп жаз.

Діни	Әлеуметтік	Саяси	Отбасылық



5-тапсырма. Ана бейнесі берілген жолдарды тауып, жыраудың анаға деген ішкі сезімін сипатта. Ана мен әйел бейнесінің берілуіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсет.



6-тапсырма. Бұқар жырау үлгісімен өз заманыңа арналған 3 жаңа тілек құрап жаз.



7-тапсырма. Өлеңнің негізгі тақырыбын бір сөйлеммен тұжырымда. Толғаудағы қай тілек сен үшін ең құнды? Неге?



8. Жетінші тілек мазмұнын өз сөзіңмен түсіндіріп, қазіргі қауіпсіздікпен байланыстыр.



9-тапсырма. Егер Бұқар жырау бүгінгі қоғамда өмір сүрсе, қандай тілектер айтар еді? Қай тілек бүгінгі жастарға ерекше маңызды? деген сұрақтарды қоя отырып, Бұқар жырау мен журналист арасындағы сұхбаттың мәтінін дайындаңдар.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Бұқар жыраудың «Он бір тілек» толғауы – халық даналығы мен өмір философиясын терең бейнелейтін шығарма. Осы 11 тілекті үлгі ете отырып, қазіргі жастардың 11 тілегін жаз.

19 Бұқар жырау. «Әй, Абылай, Абылай»



Сабақта:

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырасың;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайсың.

Әй, Абылай, Абылай

Әй, Абылай, Абылай,
Жеңбеген жауың қалмады-ау,
Алмаған жерің аз қалды-ау.
Бетке алсаң өсте қоймадың,
Алсаң тағы тоймадың,
Несібеңді елден ойладың.
Атаңды білмес құл едің,
Ата-тегіңді сұраса,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?!
Жұлдызың туды оңыңнан,
Жан біткен ерді соңыңнан.
Он сан Алаш баласын
Жусатып қойдай өргіздің,
Жұмсап жүрсің қолыңнан.
Әй, Абылай, Абылай,
Он бір ғана жасыңда,
Әшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Әбілмәмбет төренің
Арқада жүріп қаңғырып,
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді-ау,
«Сабалақ» атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында,
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде,
Бақыт қонды басыңа,
Тақыт келді астыңа.

Отызға әбден келгенде,
Кең дүниеге кенелдің.
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Соқтығып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тонға жең болдың.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің бар баласын
Бастап өзің келдің де,
Аттарының бастарын
Бір кезеңге тіредің.
Алпыс жасқа келгенде,
Жақсы болсаң, толарсың,
Жаман болсаң, маужырап,
Жүнжіп барып соларсың.
Алпыс беске келгенде,
Әрбір атқа қонарсың.
Жұмсасаң балаң тіл алмай,
Қатының қарсы шабар ұялмай,
Көрген күнің сор болар.
Жетпіс жасқа келгенде,
Жаңылып сөзден қаларсың.
Жетпіс толған жел екен,
Шала ауырғанмен тең екен.
Жетпіс беске келгенде,
Жылуы болмас қойныңның,
Қауқары болмас сойылыңның,
Селкілдеп тірі жүрерсің.
Қатардан шығып аулақтап,
Жан құлазып қаларсың.
Сақал-шашың желкілдеп,
Мүжіліп әбден боларсың.
Әудем жерге жүре алмай,
Біреуге жүк боларсың.
Өлмесең де жойылдың,
Ар-атаққа қойылдың.
Сексен деген сор екен,
Шындап ұрған пір екен.

Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзінді алар,
Аузындағы сөзінді алар,
Бойындағы әлінді алар,
Бетіндегі нұрынды алар,
Тәніндегі шырынды алар,
Саудыратып тісінді алар,
Өлмегенде не қалар?!
Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең ұмтылып,
Екі жағың ор екен.
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түпсіз терең көл екен,
Елсіз жатқан шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН



1. Мәтінде қандай тарихи тұлғалардың есімі аталған?
2. Бұқар жырау Абылай ханның өмірінің қай кезеңдерін атап өтеді?
3. Жырау неге Абылайды бұрын «Сабалақ» деп атаған?
4. Абылай хан туралы басқа қандай тарихи немесе көркем туындыларды білесің?
5. Өлеңде кімнің аты өлмейді деп айтылған?
6. Өлеңде ақын қандай табиғат құбылыстарын сипаттайды?
7. Өлеңдегі қай жолдар адам өмірінің өткіншілігін білдіреді?
8. Ақын бұл өлең арқылы қандай өмірлік ұғымды дәріптейді?
9. «Ай мен күннің өлгені» деген жолдың астарлы мағынасы қандай?
10. Ақын «өлген» деген сөзді тура мағынада қолданған ба, әлде ауыспалы мағынада қолданған ба?

СӨЗСАНДЫҚ

Арқар ұранды жат едің – сен басқа рудың, бөтен елдің адамы едің

ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА

Толғау – поэзияда кең тараған қоғамдық-саяси лириканың бір түрі. XV-XIX ғасырларда қазақ поэзиясында толғау ерекше өркендеді. Оның тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Толғауда маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар кеңінен орын алады.

(«Әдебиеттану терминдерінің сөздігінен»)



1-тапсырма. Ақын ханның жас ерекшеліктерін тізбектеу арқылы нені меңзеп отыр? Жыраудың толғауындағы басты ойды 3-4 сөйлеммен тұжырымда.



2-тапсырма. «Жұлдызың туды оңыңнан» деген жолдың мағынасын түсіндір. Мысалдар келтір.



3-тапсырма. Сызбаға қара. Бұқар жыраудың «Әй, Абылай, Абылай» толғауы негізінде «сандарды сөйлет».



4-тапсырма. Хрестоматиядан Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» атты тарихи романынан берілген үзіндіні оқы. Екі шығармадағы Абылайдың бейнесіне салыстырмалы сипаттама бер. Өз көзқарасыңды дәлелде.

Бұқар жырау «Әй, Абылай, Абылай»	І. Есенберлин «Жанталас»



5-тапсырма. Табиғат пен адам өмірінің ұқсастығын жырау қалай суреттейді? Үлгі бойынша талда.

Табиғаттағы өзгеріс	Өлеңдегі мысал	Адам өмірімен байланыс
Тау басын мұнар шалу	Асқар таудың өлгені	Адамның қартаюы

6-тапсырма. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген пікірдің бүгінгі замандағы өзектілігін талқыла. Ойтолғау жаз.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Төмендегі тіркестерді пайдалана отырып, өмірдің мәні туралы өз философиялық ойыңды жаз.

- Меніңше, өмірдің мәні...
- Байлық пен билік...
- Уақыттың адамға үйрететіні...
- Өмірдің ең қымбат сәті...



Сабақта:

- ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға бересің.

Айтыс – ауыз әдебиетіндегі ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан.

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Кейбір зерттеушілер айтыстың шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бөдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатыр. Басқа айтыстардың қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын. Дегенмен кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғаны анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күй мен өнер сынасу. Әсіресе бұл XIX ғасырда етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Төбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара түрлі тақырыптағы өлең-жырларымен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастан кешірген. Тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір



өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Ақындар айтысында жаттама өлеңдер аз болады. Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдемде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін мойындау да айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің жеңілгенін білу де жоғары бағаланады.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатысқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Тарихта аты мәлім қазақ ақындарының көпшілігі осы айтыс өлеңдерінде тәрбиеленіп өсті. Айтыс – ақындық тәрбие мектебі. Сөз сайысы үстінде оның ақындық өнері шыңдала береді.

Айтыс әдебиет жанры болғанымен, ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі. Ойын, той, ас, қыз ұзату, келін түсіру сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті палуандармен бірге айтыс ақындары да қатысқан. Олар айтыс арқылы той қызығы мен мәртебесін көтере түскен.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Айтыс – ақынның талантын шыңдайтын үлкен өнер жарысы. Өткен ғасырда Жанақ, Сабырбай, Шөже, Сүйінбай сияқты ғажайып айтыс ақындары болған. Бұл үлкен дәстүрді қазір Жансая, Сара, Айнұр, Мақсат, Рүстем, Жандарбек, Балғынбек сияқты айтыс ақындары жалғастырып келе жатыр.

1. Айтыс дегеніміз не?
2. Айтыстың ерекшеліктері қандай?
3. Қандай айтыскер ақындарды білдіңдер?
4. Айтыстың ескі түрі деп қай айтысты атайды?
5. Бөдік айтысының мазмұнында қандай мақсат жатыр?
6. Айтыстың шығу тегін зерттеушілер қалай түсіндіреді?

СӨЗСАНДЫҚ

Синкреттік жанр – бір шығарманың ішінде бірнеше жанрдың қасиеттері қатар жүру. Мысалы, айтыста ақындардың ақындық алғырлығымен бірге сазгерлік өнері, әншілік өнері, орындаушылық өнері бірге өріледі

Жөпелдемде – асығыс, қарбалас, қауырт, суыт



1-тапсырма. Мәтіндегі айтыс түрлерін және олардың ерекшелігін инфографика түрінде бейнеле. Мысалы:

Айтыс түрі	Ерекшелігі	Мақсаты	Мысал
Бөдік айтысы	Емдік сипат	Ауруды «қуалау»	



2-тапсырма. Қыз бен жігіт айтысы мен ақындар айтысын салыстыр. Айырмашылығы мен ұқсастықтарын тап.

Көрсеткіштер	Қыз бен жігіт айтысы	Ақындар айтысы
Қатысушылар		
Айтыстың мақсаты		
Айтыстың түрі		
Құрылымы		
Шығармашылық шеберлік		
Сөз қолдану		



3-тапсырма. Айтысты ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде сақтап қалудың қандай жолдары бар деп ойлайсың? Айтыстың заманауи сахнадағы көріністеріне мысал келтір.




4-тапсырма. «Айтыс – халық жадындағы тарих пен өнер қазынасы» тақырыбында шағын ойтолғау жаз.



5-тапсырма. Қазіргі айтыс өнерінің қоғамдағы рөлін бағала. Қазіргі айтыстан мысал келтіріп, ондағы дәстүрлі элементтерді ата. Мәтіндегі «Айтыс – ақындық тәрбие мектебі» деген тұжырымды мысалдар арқылы түсіндір.



6-тапсырма. Айтыс пен жыр-терменің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын Венн диаграммасы арқылы көрсет.



7-тапсырма. Айтыс өнерін насихаттайтын жаңа телебағдарлама форматын ойластырып, кестені толтыр.

Атауы	
Жүргізушісі	
Форматы	
Аудиториясы	



8-тапсырма. Қазіргі айтысқа заманауи технологияларды енгізу туралы 3 идея ұсын.

1-идея: ...

2-идея: ...

3-идея: ...

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

XIX ғасырдағы айтыс дәстүрін қазіргі айтыспен салыстырып, кестені толтыр.

	XIX ғасырдағы айтыс	Қазіргі айтыс
Тақырыбы		
Орындау мәнері		
Қатысушылары		
Қоғамдағы рөлі		

**Сабақта:**

- шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайсың.

**БІЛІП АЛ!**

«Біржан мен Сара» айтысы – айтыс өнерінің озық үлгілерінің бірі. Айтыс 1871 жылы қазіргі Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде Ешкіөлмес тауының баурайында Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тас-танбекқызы арасында өтеді. Бұл айтысты ең алғаш 1898 жылы Қазанда «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы жариялады.

«Біржан мен Сара» айтысы сол тұстағы қазақ әйелдерінің бас бостандығы мәселесін, адамгершілік пен әділдікті, шындықты өзекті де әлеуметтік тақырып етіп көтереді. Екі ақын өздері тұрған екі өңірдің жақсы-жайсаңдарын кезекпе-кезек сараптай отырып, олардың сан алуан адамгершілік қасиеттері мен келеңсіз іс-әрекеттерін жайып салады. Оларға халық талабына сай келетіндей баға беріп отырады. Сонау қияндағы Сарыарқадан Сараны жеңемін деп Жетісуға келген Біржан сал ө дегеннен амандасу рәсімінің өзін бойында дос тұрмақ, дұшпан кемітер бір міні жоқ сұлудың, шебер ақын, шешен қыздың бетін қайырып, жігерін жасытып алуға пайдаланбақ болады. Бірақ білімді де ақылды қыз Хауа Анаға Адам Атаның өзі келгенін «Хиссас-ул-Әнбия-

дан» оқып білгенін дәлел етіп ұсынады. Мұндай жауапты күтпеген Біржан қатты тосылса да, сөз кезегін әрі қарай жалғастыра береді. Қос жүйрік бұдан әрі жалпы ақындық өнер, адам бойындағы сан алуан қасиеттер, ел дәстүрі, байлық, салтанат, ел басшыларының іс-әрекеттері секілді мәселелерді сөздеріне арқау етеді.

Айтыс алғашында рулық бағыт алса да, кейін дәстүрлі арнадан ауытқып, жүйелі өнер сайысына, көркем де кестелі сөз жарысына айналады. Айтыста халқымыздың әдептілік пен әсемдік туралы пікірлері, эстетикалық талғам-талаптары кең көрініс тапқан. Осының бәрі «Біржан мен Сара» айтысының XIX ғасырдағы қазақ халқының болмыс-тіршілігін жан-жақты суреттейтін көркем туынды екенін айқын аңғартады. «Біржан мен Сара» айтысы атақты екі ақынның арасындағы сөз айтысы болып қана қалған жоқ. Айтыс көркемдік қуаты, тіл бейнелілігі жағынан ерекше эстетикалық талғам биігінен көрінген айтыстың үздік үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінің тарихынан ерекше орын алады.

Айтыс негізіндегі Қажым Жұмалиевтің либреттосы бойынша 1946 жылы Мұқан Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазды.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.
Қыз да болса адамның жүйрігі екен
Көрмедім сөзді адамды ондай дана.
Қызы екен ақын Сара Тастанбектің
Жақыны, заты Найман, Маман, Толқын, Есімбектің,
Сауық қып Садыр-Матай жиылысып,
Ауылына алдырыпты Тұрысбектің.
Ауылына Тұрысбектің Сара кепті.
Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті.
Сол кезде он жетіде ақын Сара.
Жел сөзге адам болмас одан епті.
Сараның атын біледі Арғын-Найман,
Жүйрік шыққан аталық Қаптағайдан.
Баласы Қожағұлдың сері Біржан
Сараны іздеп шықты әлдеқайдан...
Атасы – Алтай-Қарпық, елі – Арғын,
Сауықпен жүрген сері дүрілдетіп.
Сараны есітіпті Біржан анық,

Бұған да жүрген жігіт өнер дарып...
Серілік құдай салған мұндай өнер,
Пендеге әрне болса Тәңірім берер.
Мың жарым жылқысы бар атасының,
Уақыты екен отыз сегіз жасқа келер.
Келеді он бір кісі жолдас алып,
Дулатып, түрлі-түрлі әнге салып,
Ат жіберіп Сараны алдыртуға
Аулына Тұрысбектің жеткен барып.
– Сара да болар, – дейді, – сөзге тығын,
Айтысып Сараменен қылсақ шығын.
Найманның асыранды бұлбұл құсы
Сараның айттырармын барлық шынын.
Арғыннан артық болды салған әнім,
Найманға Арғын түгіл болды мәлім.
Ән салып тоқсан екі түрлендіріп,
Найманның бір жияйын тірі жанын.
Сара да жетік дейді сөйлер сөзге,
Найманда аты шыққан осы кезде.
Ауызын қарсы келсе аштырмаспын,
Адамға мақтанар ол менен өзге.
Бөденедей қырғи алған жұмарлармын
Құдайым уақыт берсе енді бізге.

Әлқисса, айтысқанның келер жылында Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын Сара өзі аузынан осылай деп бастан-аяқ баян қылған екен.

Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің, атым Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жеке-дара...
Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.
Тері-терсек берген соң ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының.
Әкемнің төрт түлігі бәрі де сай,
Алты ауыл аруақты үш ағам бай.

Бұрандап асау керей жүрсем-дағы
Тоқтыдай борышқа кеттім, уа, дариға-ай.
Баста құдай бұйыртпаса, нәсіп етпес зарлағанға,
Тұңғыық сезім терең барлағанға.
Тақсыр-ау, он жетіге биыл жеттім,
Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.
Хан, қара шаршы топта сөз сөйледім,
Көз көрмей, бәрі бекер нанбағанға....
Сөйледім қаз мойынды жарма-жалмен
Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.
Аулында Тұрысбектің сөз сөйлестім
Баласы Қожағұлдың Біржан салмен.
Үйінде отыр едім Тұрысбектің,
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кеппін.
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,
Сөйлес деп даусы шықты Жүнісбектің.
«Бұл үйде кім бар?» деді келе сала-ақ,
Отыр ем домбырамды қолыма ала-ақ.
Есімбек, Маман құтым, ер Шерубай,
Қасына еріп келген өңшең манап.
Кісі екен отыз екі жолаушымен,
Ақ үйдің жабығынан көрсем санап.
«Сүйінші, іздеген қыз осында» деп,
Біреуін тонап жатыр жаудай талап.
Сырлаған домбырасын қолына алып,
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.
Біреуі атын ұстап тұр шаужайынан,
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан.
Толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр
Сөйтсе де шошымадым айғайынан.

Сонда Біржанның қызды шақырып айтқан сөзі:

Бұл үйде Сара бар ма, келсін бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері!
Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-Қарпық ақтангері.

Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.
Қырандай аспандағы желді күнгі,
Даусымның көтерілер шықса тері.
Болжаған жер шаршысын майталманмын,
Жасымнан маған мағлұм қыз не дері.
Алтын менен күмістің нақысындай,
Міні жоқ, бізден шығар сөз бедері.
Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,
Кешікпей үйден шықсын болса өнері.
Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
Басайын аптығыңды, тез шық, Сара,
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.
Бұл үйде Сара бар ма, отыр нағып?
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып,
Желқабыз, жез тағалы еңіреумін,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.

Сараның сөзі:

Көктемде Тұрысбектің ауылында,
Көруші ем істің қиын, ауырын да.
Біржанның төңкерілген әніменен,
Ешкіөлмес ел жиылды бауырына.
Арындап дәуірлейді барған сайын,
Екпіні соққан желдей, көрдім жайын.
«Шырағым Сара, саған не болды?» деп,
Есімбек шыға келді ағатайым.
«Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда қажы үйінде келді қайдан?
«Тартынба енді, балам» деді қажы,
Адымы аттан артық, шықты тайдан.
Сөзі бұзық антұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.

Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан».
Қажының әлгі сөзі болды себеп,
Қолтықтап көтере көр, аруақ демеп.
Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Көрген соң аттан түсті Біржан серім.
Қозғадым қырмызыдан сөзді талдап,
Басында баяуладым Біржанды алдап.
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім «Найман шалдап».
Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Қыз да болсам Біржанға балап тұрды.
Кәмшат бөрік, күдері белбеуі бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.
Түрінен мен таныдым, осы – Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.
Сарысұр адам екен, тым өңді емес,
Құбылар тотықұстай әлгі антұрған.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Біржан мен Сара айтысы қалай басталды?
2. Мұқан Төлебаевтың қандай туындысы бар?
3. Сараның өнерге бейімдігі қалай көрініс тапқан?
4. Біржан Сараны өнер сайысына қалай шақырды?
5. «Біржан мен Сара» айтысы қай жылы, қай жерде өткен?
6. Біржан мен Сараның кездесуіне қандай жағдай себеп болды?
7. Сара қыздың шыққан тегі мен ата-бабасы қалай сипатталған?
8. Айтыстың негізгі тақырыптары мен көтерген мәселелерін ата.
9. Айтысты алғаш жариялаған адам кім және қай жылы жарық көрді?
10. Мәтінде Тұрысбек пен оның ауылындағы оқиға қалай суреттелген?

СӨЗСАНДЫҚ

Либретто – опера, балет сияқты музыкалық шығарманың сценарийі мен мәтіні

Желқабыз – желікпе, елікпе; елпілдеп желпілдеп, еліріп кететін

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Жігерін жасытып алу – бетін қайтарды, еңсесін түсірді, мұқалтты




1-тапсырма. Айтыстың басталуына түрткі болған жағдайды қысқаша айтып бер.



2-тапсырма. Мәтіннен оқиға желісінің негізгі кезеңдерін бөліп жаз.



3-тапсырма. «Біржан мен Сара» айтысына сюжеттік-композициялық талдау жаса.



4-тапсырма. Мәтіндегі айтыс тақырыптарын қазіргі айтыс өнерінде кездесетін тақырыптармен салыстыр.



5-тапсырма. Біржан мен Сара Instagram-да тікелей эфирде айтысқа шықты. Олардың бір-біріне жазатын 2 пікірін және көрермен реакциясын жаз.



6-тапсырма. Сараның өжеттігі мен батылдығын қазіргі қоғамдағы әйел өнерпаздармен салыстырып, баға бер.



7-тапсырма. «Біржан мен Сара» айтысы қазақ айтыс өнерінің дамуына қаншалықты үлес қосты? Өз пікіріңді дәлелде.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

«Біржан мен Сара» айтысы – тек сөз сайысы емес, ол – қазақ қоғамының айнасы. Осы үзінді бойынша тест тапсырмаларын орында.

1. Сараның айтысқа түскен жасы?

А) 15; Ә) 16; Б) 17; В) 18.

2. Айтыстың өткен жері!?

А) Сарыарқа Ә) Қарқаралы
Б) Ешкіөлмес тауы В) Балқаш маңы

3. Сараның алғаш домбыра ұстаған жасы?

А) Он екі Ә) Он үш Б) Он төрт С) Он бес

4. Біржан өз бейнесін қалай сипаттайды?
А) «Қарапайым халықпын» Ә) «Орта жүздің бұлбұлымын»
Б) «Жалғыз ақынмын» В) «Кедейдің баласымын»
5. Үзіндіден түйетін негізгі ой
А) Байлықтың қадірі Ә) Өнер мен парасаттың биіктігі
Б) Ру арасындағы талас В) Қыз баланың тағдыры
6. Сара туралы алғашқы шумақтарда ол қандай адам ретінде сипатталады?
А) Ұяң, момын қыз Ә) Ақылды, сөзге жүйрік ақын қыз
Б) Байдың қызы В) Әдемі әнші қыз
7. Сара айтысқа дейін кімдердің ауылында болған?
А) Есімбек пен Маманның Ә) Арғын мен Найманның
Б) Біржанның ауылында В) Қажы үйінде
8. Біржанның жасы айтыс кезінде қаншада болған?
А) 27 Ә) 30 Б) 38 В) 40
9. Сараның мінезін сипаттайтын жолды тап.
А) «Жел сөзге адам болмас одан епті»
Ә) «Күлмеген, сөйлей алмас тым баяу»
Б) «Қорқақ, үндемес қыз екен»
В) «Жұртқа жақпайтын адам»
10. Сара айтыс алдында кімнен рухани демеу алады?
А) Біржаннан Ә) Қажыдан Б) Есімбектен В) Маманнан
11. Сара Біржанмен кездесуге шығарда қасына кімді ертіп шығады?
А) Құрбыларын Ә) Тұрысбектің төрт қызын
Б) Әкесін В) Ағаларын
12. Үзіндінің негізгі идеясы:
А) Бай мен кедейдің тартысы
Ә) Ер мен әйел теңдігі, өнердің биіктігі
Б) Ру арасы таласы
В) Ел арасындағы бәсеке

**Сабақта:**

- шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырасың;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалайсың.



Біржан салдың айтқаны:

Осы ма, – деді, – Матай бұлбұл құсы?
 Көп сұрап жаңа таптым жазы-қысы.
 Әуелі қазақшалап көрісейік,
 Шырағым, берірек кел, жасың кіші.
 Баласың менен көрі жасың кейін,
 Ежелден менің сөзім қызға бейім.
 Бері кел, замандасым Сара жазған,
 Тоқталып бөгелесің неге кейін?
 Мен Біржан, қызға барман аяғымнан,
 Шын қызсам, дәуірлеймін баяғымнан.
 Бері кел, ұрғашылық қылма, жаным,
 Дәндеме наймандағы саяғыңнан.
 Найманның болады екен қызы надан,
 Үлгісіз қалай халық түрі жаман.
 Ағаға іні келер біздің елде,

Кеп боп па сұрасуға есен-аман?
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгіл сенен артық құмар маған.
Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарлаған.
Еркек тілін алмайтын жының бар ма?
Адам деп сөз айтамын Сара саған.

Сонда қыздың берген жауабы:

Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,
Болатпын екі жүзді алмас кеспес.
Жөнімен сөздің жөнін сөйлеу керек.
Сандалып Арғынмын деп қылмай егес.
Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың?
Сөз білсең, бұ да сенің жамандығың,
Қиссасул-әнбиядан көрмеп пе едің,
Белгілі мағлұм болды надандығың.
Адамды топырақтан жаратқан хақ,
Надандығың білінді, бұл сөзге бақ.
Хауаға бұрын барған Адам ата,
Естігенің жоқ па еді мұны да, ақымақ?
Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім
Арғында жүр екен ғой жоқты мақтап.
Найманда екі жүзді наркескенмін
Желкенді қимақ үшін қойған саптап....
Күн көргелі келдің бе, құрдым Арғын,
Жинауға сынық малта Найманды ақтап.
Артыңның ашыларын білмейсің бе?
Көрпенді көсілсеңші бойға шақтап.
Жерге кіріп кетерсің, жынды антұрған,
Шын қазсам асты-үстіңді жездей қақтап.
Делбелігі емес пе Біржан салдың,
Кісісін жеңетұғын жаңа таппақ.
Талпынған жас баланың білегіндей,
Қолымнан ұстатпаймын сен итке аппақ.

Сонда Біржан сөйлейді:

Жіберді домбырасын көкке сермеп,
Ағытты түрлендіріп әннен өрнек,

Сөзіме ызаланып алғаннан соң,
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.
«Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,
Сөйлеткен сені балап қазақ ұлға,
Асықша ақ жамбыны сұлуға аттым,
Тиінім шыққан емес сендей тұлға.
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,
Қызығып жүргенім жоқ алар пұлға.
Күшігін асыраған ұрғашы иттей,
Азғындап шектің, Сара, жылдан-жылға.
Қырсығың, өз басыңнан арылған жоқ.
Тегістеп айыбыңды тізсем қылға.
Қолыңнан ұстатпайтын ерке болсаң,
Күлімсі әкең неге берді құлға?
Бар екен жаннан артық сөйлер сөзің,
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің.
Қолға түскен қалмақша ықтиярсыз,
Төрт болар құлға барсаң екі көзің.
Сөзіңе таң қаламын сынай алмай,
Айтқаным кетті саған ұнай алмай.
Көзіңді күшік құрлы бір ашпайсың,
Қортиған шірігіңді құдай алмай.
Есекке қосақтаулы бір қашырсың,
Күң сырын көпке жаяр жылай алмай.
Құшақ толар еркекке арапшың бар,
Сәнсисің күйгеніңнен шыдай алмай.
Жан жетпес ән-жырымның өрісіне
Құданың ризамын берісіне.
Сықылды қортық тайша бармақ байың,
Бір қойдың сияр тұлып терісіне.
Алыстан түлеп ұшқан түз құсындай,
Біржанның жұрт таң қалар келісіне.
Қайғылы қара кемік байтал түгіл,
Арғымақ ат шыдамас желісіме.
Бәйге аты серпуіме шалмайтұғын,
Әрқашан жұрт таң қалар жүрісіме.
Мойыным жүзген қаздай иіледі,
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.

Арғынның жалғыз тоны қолға түссе,
Төрт Найман орта бойлы киінеді.
Найманда байлық бар ма біздің елдей?
Жүрсем де адам боламын мұнда келмей.
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,
Онымды тастамаймын өзім өлмей.
Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным «Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық».
Аққумен аспандағы өн қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптен тартып.
Қырмызы, асыл бекзат бір мінезім,
Кетер ем еркек болсаң бір-ақ тарпып.
Қыз итті сыйлайтұғын бар мінезім,
Самғаймын бөйге атындай артып-тартып.
Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындаған.
Естігелі, Сара сені, үш жыл болды,
Сері едім төңірекке құлаш жайған.
Түлкінің жүгірісін қыран байқар,
Ұялсаң, сөзің емес маған айтар.
Қанды көз май жеп алған ақиықпын,
Сен түгіл қасқыр көрсе бір-ақ шайқар.
Қайтару сұрамаймын келсе өнім,
Қыз сөзін парық қылмайтын ескі заңым,
Күнінде он көрінсе айнымайтын,
Көк төбет болды деме мені, жаным.
Төстіктен жұрт таң қалар кергеніме,
Жеңбесем қуанбаймын келгеніме,
Ақ марал, осы жолы жығылмай кет,
Алтайдың душар болдың мергеніне.
Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,
Құданың мың шүкірлік бергеніне.
Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер,
Қарамай қатты сөйле өлгеніме.
Адымым күні бүгін қалыбында,
Екі жыл отыз беске келгеніме.
Қуырылып апшымның қай сасқаным,
Өтірік ентелетіп желгеніңе.

Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті,
Аталық Қаптағайда жүргеніңде.
Аю болсаң, басамын «аф» дегенде,
Түспеймін жаман құстай көргеніне.

Сонда Сараның, айтқаны:

Әй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,
Қымбаттығым белгілі білсең баға,
Қамысты терең көлдің сұқсырымын,
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға.
Ежелден сен белгілі желді көрік,
Таң қалдым сәулетіңді сенің көріп,
Сені айдап ажалыңа алып келген,
Құт Маман, ер Шерубай қасыңа еріп.
Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсің,
Түрімді көрсетейін сөйлеп беріп.
Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық,
«Сасық» дер аузы жетпей, майдан жеріп.
Кездеспей мен сықылды өнерпазға,
Дәндеме жүрген күңнен тезек теріп.
Өлеңді қолқа қылсаң ағытайын,
Самарқан жібегіндей оннан өріп.
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмын,
Көзіңді төрт қылар ем иттей керіп.
Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз,
Бір жерден мүдірер деп көңіл бөліп.
Тіліңді тарта сөйле, Біржан батыр,
Жарамас жүдеп қайтсаң, іздеп келіп...
Жай тастап құшағымды кең созамын,
Сен түгіл әкеңнен де бір шошынбай.
Күшпенен көндіремін болмасаң да,
Түстеніп тамақ жерсің, қонбасаң да.
Аптығып ақынсынып сандырама,
Ойлайсың артықпын деп оңбасаң да.
Найманға жалғыз тиын керегің жоқ,
Келесің қайыр сұрап анда-санда.
Мен пәлен дегеніңе сескенбеймін,

Шошыр деп қоразданып алдасаң да.
Ақыр өнер барынша байқасармын,
Өзіңді өзің мақтап арбасаң да.
Қарамды әр-берден соң бір көрмейсің,
Соңымнан үмітті боп қалмасаң да...
Ей, Біржан, ділмәрсімай жүр жайыңа,
Әке десең көнбеймін ыңғайыңа.
«Жауды аяған жаралы болар» деген,
Шын тілеп сөйлейінші құдайыма.
Жылқының арығындай Арғын кедей,
Тойғансып мәз боласың ішпей-жемей.
Құр айғай салғаныңа кім шошиды,
Жеңермін иттей қылып, адам демей.
Найманның аруағынан кет садаға,
Өзөзіл бола берме екі араға.
Жанақ та қобызымен түк қылған жоқ,
Оңай ма сендей сорлы бейшараға?
Орынбай іздеп келіп кеткен қаңғып,
Жеңген жоқ Кеншімбайды о дағы аңдып.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Біржан өз байлығын қалай дәріптеп айтады?
2. Біржан өз сөзінде Көкшетауды қалай сипаттады?
3. Сара Біржанның өнеріне баға бере ме, әлде тек сынай ма?
4. Біржан сөзінде Найман еліне қатысты қандай сын айтады?
5. Біржан салдың алғашқы сөзінде Матай қызына қойған негізгі талабы қандай?
6. Сара Біржанға не себепті «болатпын екі жүзді алмас кеспес» деп жауап береді?
7. Сара не себептен Біржанның «Арғынмын» деп мақтанғанына қарсылық білдіреді?
8. Айтыстағы «Аю болсаң, басамын «аф» дегенде» деген сөз Біржанның қандай мінезін көрсетеді?

СӨЗСАНДЫҚ

Сынық малта – кейде адамның әлсіздігін, дәрменсіздігін меңзеу үшін қолданылады.



1-тапсырма. Бұл үзіндіде осы айтыстың ең көркем тұсы келтірілген. Екі ақынның сөзіндегі ерекшеліктерді салыстыр.

Талдау	Біржанның сөзі	Сараның сөзі
Сөйлеу мәнері	Өзін жоғары қоя сөйлейді, ер намысын қорғайды, өктемдік танытады.	Тең жауап береді, өткір сөйлейді, әйелдің ақыл-парасатын көрсетеді.
Айтыстың мақсаты	Сараны өнерде жеңіп, атағын шығару.	Әйел теңдігін, ар-намысын қорғау.
Қолданған тәсілдері	Мақтан, мысқыл, ерлікке сүйену.	Дәлел, діни және тарихи білімге сүйену.
Тақырыптық бағыттары	Ер адам үстемдігі, өнер бәсекесі.	Әйел теңдігі, адамгершілік пен әділдік.
Қорытынды бейнелері	Өнері мықты, бірақ өр-көкірек.	Ақылды, білімді, намысшыл.



2-тапсырма. Үзіндідегі негізгі тақырып пен идеяны анықта. Біржан мен Сара қандай мәселелерді көтереді?

Тақырыбы		
Идеясы		
Көтерілген мәселелер		



3-тапсырма. Біржан мен Сараның сөздерінен сол дәуірдегі руаралық бәсекелестікті қалай байқауға болады? Біржан мен Сараның сөз қайтару шеберлігін салыстыра талда.



4-тапсырма. Айтыстағы байлық, өнер және тектілік ұғымдары қалай сипатталады? Салыстырып, сол кездегі және қазіргі маңызын талда.





4-тапсырма. Қай тарап өз уәжін дәлелді, қисынды жеткізді деп ойлайсың? Сараның уәждері мен дәлелдерінің маңызын түсіндір.

Сараның уәждері

ДӘЛЕЛ

Біржанның уәждері

ДӘЛЕЛ




5-тапсырма. Қай тарап өз уәжін дәлелді, қисынды жеткізді деп ойлайсың? Сараның уәждері мен дәлелдерінің маңызын түсіндір.



6-тапсырма. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды тауып, кестені толтырыңдар.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар
Эпитет	
Метафора	
Теңеу	
Аллитерация	
Ассонанс	
Эпифора	

7-тапсырма. Ақын Сараның тағдырын Ә. Қастеевтің «Сатып алынған қалыңдық» картинасымен салыстыр. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тауып, 3 тезис жаз.



«Сатып алынған қалыңдық» картинасы. Ә. Қастеев.



8-тапсырма. «Сара – дара туған дана» тақырыбына әдеби эссе жаз.

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ

Үзіндінің жалғасын тыңда. Мына сұрақтарға жауап бер.

1. Сара Арғын еліне қандай сын айтады?
2. Біржан өзін қандай теңеулермен сипаттайды?
3. Сара өз өнерін қандай құстармен салыстырады?
4. Егер сен қазы болсаң, жеңісті кімге берер едің? Неге?
5. Айтыс барысында екі ақын бір-бірінің қандай қасиеттерін мойындайды?
6. Біржан өз сөзінде Арғын елінің қандай атақты адамдарын атап өтеді?
7. Біржан неге Арғын елінің байлығы мен беделін көп айтып мақтанды?
8. Сараның «Ұшырған тәрбиелеп ақ тұйғынмын» деген сөзін қалай түсінесің?
9. Біржан мен Сара сөздерінің қайсысында ұлттық намыс пен ру намысын қорғау көбірек байқалады?





Сабақта:

- шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға бересің;
- автор стиліне сүйеніп, шығармашылық жұмыс жазасың.



Сонда Біржанның айтқан жауабы:
Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тастүлек тұрымтайдай екі көзің.
Сөз айтар қандай адам деген кезде,
Алдымнан құдай айдап келді кезің.
Бір асқанға бір тосқан бар-ақ деген,
Талайдың қисық деуші ем құрған тезін.
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін.
Қанатын күн шалмаған ақ тұйғынның,
Жапалақ иемденер басқан ізін.
Қор болдың бір қортыққа, Сара қалқам,
Армансыз қылар кімнің үйі-түзін.

Дені сау адам емес Тастанбегің,
Жұр екен тастай алмай о да қызын.
Біліп ем, Сара, сенің сыңарыңды,
Баса алмай армандамын құмарымды.
Ақ үйден айғай салып шыққан кезде-ақ,
Білгенмін сөзге қайрат қыларыңды.
Сұмдықпен бит ішіне қан құясың,
Білмейсің неден зар боп жыларыңды.
Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың,
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.
Шақыртып күйеуіңді осында алдырт,
Көрейін таңдап қосқан сыңарыңды.
Тез алдырт күйеуіңді, Сара саңлақ,
Көрейін еркегіңді тиген таңдап,
Шынымен жаны ашыса Тұрысбектің,
Белгісі білінеді келсе сонда-ақ.
Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы,
Өнері өзің теңдес сегіз қырлы,
Шеберден мін алатын мініскермін,
Ер шығар тотықұстай неше түрлі.
«Жақсыны көрмек үшін» деген, Сара,
Өзің түгіл ел қамын жеген Сара,
Мырзанды ит Жиенқұл шапшаң шақырт,
Ұялып бөгелесің неге, Сара?

Көрейін, кісі жібер, күйеуіңе,
Көнбейді жаман болса сүйенуге.
Күйеуің қандай екен, көзім көрсін,
Адамның таласасың біреуіне.
Жасырмай көрсет көзге келтіріп-ақ,
Сөзбенен жүдеттің ғой өлтіріп-ақ.
Ұялмай осы топқа көріне ме?
Өнерсіз жігері жоқ жетпегір-ақ.

Сараның айтқан сөзі:

Қажеке-ау, кісі жібер балаңызға.
Өзөзіл болды Біржан арамызға.
Сыртынан мақтасам да керек болды,
Көрсетпей жігітті ұрлап қаламыз ба?

Өзіңнің құла жорғаң барсын оған,
Жиекем «Біжан» ерін салсын оған.
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,
Құдайым мені жар ғып қосты соған.
Қажеке-ау, алдыртыңыз қонақ кетпей,
Біржан тұр көремін деп сөзге бітпей,
Ажал да кісі таңдап алады екен,
Сол итті, неге қойған алып кетпей?
Қонжиып мінер құла жорға барса,
Келе алмас сол шіркінің қорғаласа.
Рас, бізді масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.
Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,
Ер бияз елсіз тауға шыққандай-ақ.
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,
Он мата арқасына тыққандай-ақ.
Бар еді ұлы-қызын, қажы аға,
Қалдым ғой Біржан деген беймазаға.
Өзіңнің болып тұрған заманыңда,
Дені сау кез болмадым бір тазаға.
Арғынды бір дөңгелек деп едіңіз,
Мен түгіл Найман қамын жеп едіңіз.
Мекке мен зиярат қылып Байтулланы,
Бақытыма аман-есен кеп едіңіз.
Көрмейсіз неге менің көз жасымды...
Сол жерде Біржан тоқтап сөз басылды.
Жиылған «Қаптағайдың» жақсылары,
Басқаға айырып бер өз басымды.
Алдырып не қылады оны Біржан?
Көруге ынтық емес соны Біржан.
Арғыннан асып кеткен бай болмайды,
Жеткенмен Жиенқұлға қолы Біржан.

Сонда Біржанның айтқаны:

Шырағым Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,

Жігітің жөндеу екен, ей, бейшара.
Ел-жұртың қорықса керек көз жасыңнан,
Қиып кеткім келмейді мен қасыңнан.
Кемітер қай жеріңді дұшпан шіркін,
Адамзат озар емес бір басыңнан.
Жіберме Жиенқұлға шақыруды,
Өнерсіз үйде білер аһ ұруды,
Қайнайды зығырданым көргеннен соң,
Алдырма бекер мұнда көпіріңді.
Білесің, Арғын, Найман тегіс затын,
Алашқа шығып еді Біржан атым.
Кісіге сен сықылды малын шашпай,
Қазақ та қылады екен итті қатын.
Дұшпаның жамандайды не деп сені,
Белгіге жарар саған берсем нені?
Бір басты адам болмас, сен өнерлі,
Айбатың әлемге аян ай бедерлі.
Садаға тырнағыңнан кетсін Сара,
Сан жүйрік көріп едім мен не дүрді.

Сонда Біржан сөз айтты біздің жаққа,
Ұмытпан, Сара, сені әр уақытта,
Қайырған сөзбен жетіп есіл шіркін,
Көрермін қайта айналып қай уақытта?
Есімбек, боққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр қыз да болса, нәсіліңді,
Ұқпасаң, Арғын жоқты айтты дерсің,
Есеке-ау, құлағыңа ал осынымды.
Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа,
Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста.
Аты ұрғашы демесең, қарындасың,
Адамның артығы екен осы тұста.
Шынымен бапты күнде дұға салса,
Ілеспес ақын түгіл ұшқан құс та.
Обал тұрған орнында жауап та бар,
Жиенқұл тең емес қой бұл байғұсқа.
Закунде зорлық болмас жанды адамға,
Жақсыны қор қып болмас бір наданға.

Және де аят пенен хадис те бар,
Жылатып берме деген еш адамға.
Көрмеп пе Сарадай қыз теңін тапса,
Ішінен өнер қысар аузын ашса.
Қор болып Жиенқұлға жібергенше,
Қытайша он есе артық басын шапса.
Тұрысбек Есімбекпен сау тұр, Маман,
Таянды қайтар уақытым енді маған.
Айналып ендігі жыл бір келермін,
Тысқары топырақтан болсам аман.
Сараны Жиенқұлға бере көрме,
Қызы түгіл ер құнына келер шамаң.
Бар болса сүйегінде ойларсыңдар,
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.
Байлаулы бала құстай Сара сорлы,
Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.

Енді Сараның айтқан сөзі:

Сал Біржан, жүріп кетті амандасып,
Екі күн арпалыстым табандасып.
Шіркінге қимағаннан жорға бердім,
Басында сөйлесем де жамандасып.
«Хош, Біржан, сау бол, – дедім, – сағым керім,
Арда күрең жігітсің әлім-берім.
Қашан өзің өлгенше есіл көзел,
Күнде той, күнде жиын жүрген жерің.
Жүре көр, ақын Біржан, бізді сұрай,
Тысқары топырақтан қылса құдай.
Аптығып Арғынсынып сандырама,
Көзіңе қыз көрінсе мұнан былай.
Жолықтым, атағыңа құмар едім,
Болмаса келместей ғып сығар едім.
Сыйладым сағың жерде қалмасын деп,
Аттатпай адымыңды қияр едім.
Боп қалды бір көргенім көз таныстай,
Сен-дағы жол бермедің бір қалыспай.
Есекем керек болса бере қалмас,
Кісідей қарапайым бір салыспай.

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

1. Біржан Жиенкүл туралы қандай пікір айтты?
2. Біржан Сараны кімдерден қорғауға тырысады?
3. Біржан Сараның күйеуін не үшін көргісі келеді?
4. Сара неліктен күйеуін жұрт алдына шығарғысы келмеді?
5. Үзіндінің соңында Сара Біржанға қандай қоштасу сөздерін айтады?
6. Біржанның Сараға деген көзқарасы мен сезімін қандай жолдар айқындайды?

СӨЗСАНДЫҚ

Сөздің жезін – әдемі, жалтырағанымен құнды емес, салмағы жоқ сөз
Ер бияз – жұмсақ мінезді, қарапайым, кішіпейіл ер-азамат
Байтулла – Алланың үйі

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕС

Бір асқанға – бір тосқан – әрбір адамның немесе істің шектен шыққан, артық кеткен тұсына лайықты кедергі, тоқтау болады.



1-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді мазмұнға сүйене отырып толықтыр:

1. Біржан Сараның сөз тапқырлығына _____.
2. Сара Біржанның еркін мінезін _____.
3. Айтыстың соңында екі ақын _____ көрсетеді.



2-тапсырма. Біржан мен Сараның сөз сайысындағы негізгі тақырыпты ата.



3-тапсырма. Біржанның сөздеріндегі метафоралар мен теңеулерді тап.

Метафора	Теңеу



4-тапсырма. Сараның жауаптарынан оның ішкі жай-күйін білдіретін көркемдегіш құралдарды тауып, мағынасын түсіндір.

Көркемдегіш құралдар	Мағынасы
Теңеу	
Метафора	
Эпитет	



5-тапсырма. Осы үзіндідегі әйел тағдырына қатысты көзқарасты қазіргі замандағы жағдаймен салыстырып, пікір білдір.



6-тапсырма. Жиенқұл бейнесі арқылы автор қандай қоғамдық кемшілікті өшкерелейді? Біржанның Жиенқұлға көзқарасын мәтін бойынша сипатта.



7-тапсырма. «Біржан мен Сара: өнер мен еркіндік үні» тақырыбында подкаст сценарийін жаз.

Құрылымы:

1. Кіріспе – айтыстың мәні
2. Негізгі ой – олардың тартысы мен идеясы
3. Қорытынды – бүгінгі күнмен байланысы

ТАҚЫРЫПТЫ ТҮЙІНДЕУ



Үзіндіні тыңдап, автор стилін сақтай отырып, қыз бен жігіт айтысын ұйымдастырыңдар.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
---------------	---

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

1. Ислам дәуірі әдебиеті	6
2. Ж. Баласағұн. «Құтты білік» дастаны	13
3. «Құтты білік» дастаны	19
4. Шешендік өнер	25
5. Майқы бидің шешендігі.....	30
6. Мөңке бидің шешендігі	34
7. Әнет баба	39
8. Әнет баба. «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»	44
9. Төле би.....	47
10. Төле би. «Ердің бақыты – әйел»	52
11. Қазыбек би.....	60
12. Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»	65
13. Әйтеке би.....	69
14. «Әйтеке би. Қасқакөл дауы».....	74
15. Сырым Датұлы	79
16. Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым»	83
17. Бұқар жырау.....	86
18. Бұқар жырау. «Тілек»	91
19. Бұқар жырау. «Әй, Абылай, Абылай»	94
20. Айтыс өнері	98
21. «Біржан-Сара» айтысы. 1-сабақ	102
22. «Біржан-Сара» айтысы. 2-сабақ	110
24. «Біржан-Сара» айтысы. 3-сабақ	119

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

25. Нысанбай жырау (1822–1883)	128
26. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы	131
27. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы. Бұғыбай батырдың ақылы	137
28. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы. Асудағы шайқас.....	142
29. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы. Кәрібоз	148
30. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы. Жекпе-жек	152
31. «Кенесары – Наурызбай» поэмасы. Соңғы шайқас.....	160

32. Махамбет Өтемісұлы	165
33. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны. 1-сабақ	168
34. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны. 2-сабақ	172
35. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны. 3-сабақ	174
36. Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны. 4-сабақ	177
37. М. Өтемісұлы «Мен – мен, мен едім» өлеңі. 1-сабақ	180
38. М. Өтемісұлы «Мен – мен, мен едім» өлеңі. 2 сабақ.....	183
39. М. Өтемісұлы «Бағаналы терек» өлеңі. 1-сабақ.....	185
40. М. Өтемісұлы «Бағаналы терек». 2-сабақ	187
41. Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны.....	189
42. Ш. Уәлихановтың шығармашылығы	192
43. «Ыстықкөл күнделігі». Аягөзде.....	196
44. «Ыстықкөл күнделігі» Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары	200
45. «Ыстықкөл күнделігі». Өмір Темір жайлы	204
47. «Ыстықкөл күнделігі» Тұлпартас шатқалындағы ауылда	208
48. «Ыстықкөл күнделігі». Қайтуда	211